



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

👉 ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРАДЫ

29 шілде күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркияға ресми сапармен барады.

Анкарада екі ел басшылары келіссөз жүргізіп, қазақ-түрік стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту мәселесін талқылайды.

Сондай-ақ президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғарғы деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысын өткізеді.



Шахмат ОҰНАҒАН ОЗАР

Бүгінге дейін гроссмейстер атағына 40 қазақстандық ие болған. Оның 24-і ер адам болса, 16-ы – әйелдер. Бұл шахматтағы озық көрсеткіш болғанымен, бір «әттеген-ай» бар. Ол – қазақтілді тренерлердің аздығы. Шахмат ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыратын тәрбие құралы деп есептелсе, онда бұл спорт мемлекеттік тілде үйретілуге тиіс емес пе? Қазақтілді шахмат жаттықтырушылары неге санаулы? Бұл ойынды қазақ тілінде үйренгісі келетін бүлдіршіннің талап-тілегі қашан орындалады?

ҚАЗАҚТІЛДІ ОРТА ҚАШАН КЕНЕЙЕДІ?

Өкінішке қарай, қазір Қазақстанда қазақ тілінде жүргізетін шахмат комментаторлары небәрі үшеу ғана. Сол үшеудің бірі – Фархат Мәжитұлы. Оны Қазақстан шахмат федерациясы арнайы шақырып, 2023 жылғы 9 сәуірде Сент-Реджис қонақүйінде өткен Ян Непомнящий мен Дин Лижэнь арасындағы Әлем чемпионатын тікелей эфирде қазақша түсіндіріп беру міндетін сеніп тапсырды. Сол тарихи матчтағы тікелей эфирді тізгіндеген Фархат Мәжитұлы мен халықаралық гроссмейстер Мұртас Қажығалиев болды. Бүгінде шахматты үйренемін деген жас буын арнайы орталықтар мен академияларда талабын шындай алады. Осындай орталықтағы жаттықтырушының көбі жұмысын орыс тілінде жүргізеді. Ал ауыл-аймақтарда мұндай орталық тұрмақ, шахмат жаттықтырушыларының өзі тапшы.

→ 7

«ЖАНҒА АРАША» ЖАНДАРҒА КІМ АРАША?



Жанымыз көзімізге көрініп, дертіміз асқынғанда дәрігер іздейміз. Сол сәтте ақ халатты жанға үлкен үмітпен қараймыз. Ал денсаулығымыз сау болса, дүниенің уақытша екенін ұмытып, ақ халаттыларға құрметсіздік танытып, зәбір көрсетеміз. Жасаған жақсылықты тез ұмытамыз. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2019 жылдан бері Қазақстанда дәрігер, фельдшер, медбикелерге және басқа да денсаулық сақтау қызметкерлеріне жасалған шабуылдардың 170-тен астам фактісі тіркеліпті.

→ 6

Президент тапсырмасымен мемлекет халықты үлкен кеселдің «тырнағынан» құтқарды. Әңгіме мектептегі баладан еңкейген егде жастағыларға дейін зиянын сезбей, «сүйсіне» тартып, картридждегі хош иістендіргіш түтінін қор-қорсатып келген вейптер туралы. Парламент вейптерді іс жүзінде есірткіге теңеді және аса қатал жаза енгізді. Енді оны елге әкелушілер 5 жылға дейін сотталуы мүмкін. Осыған орай құзырлы органдар бұдан да бейхабар азаматтарға ескертпе таратты.

ҚОҒАМДЫҚ КЕСЕЛГЕ КЕДЕРГІ ҚОЙЫЛДЫ



→ 5

ШАҒАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕТБҰРЫС



→ 11

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ, АЛЫНБАЙТЫН АСУ ЖОҚ



→ 16

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Ұлттық қауіпсіздік – мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін ең басты тіректердің бірі. Ақпараттық кеңістікті қорғау мен кибер шабуылдарға қарсы тұру да ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.

«Төртінші индустриялық революция дәуірінде ақпаратты бақылауға алған тарап, әлемдік ықпалға ие болады» деген тұжырым өз маңыздылығын жойған жоқ. Цифрлық және желілік технологиялар жаңа деңгейге шыққалы бері ақпараттық кеңістікте бұрын-соңды болмаған өзгерістер орын алды. Әсіресе, бұл құбылыс азаматтардың қоғамдық белсенділігіне, ұлттық ақпараттық алаңға және медиа жүйесіне елеулі әсер етті.

Соның салдарынан жаңа медианың ықпалы артып, ол дәстүрлі ақпарат құралдарының орнын басып, халықтың қоғамдық белсенділігін, өмірлік құндылықтары мен салт-дәстүріне де өзгеріс әкелуде. Осындай ауқымды ақпараттық өзгерістердің қауіпті қырларын зерттеу – бүгінгі гуманитарлық және қолданбалы ғылымдар үшін аса өзекті міндеттердің бірі. Себебі ақпараттық әсердің күшеюі қоғамның тұрақты даму үдерісіне, оның коммуникациялық инфрақұрылымының дамуына және саяси-қоғамдық мәліметтердің нақтылығына тәуелділікті арттырып отыр.

Еліміздегі киберкылмыстар шамамен 2010 жылдан бастап жиі тіркеле бастады. Бұған екі басты фактор ықпал етті: біріншісі – смартфондардың кең таралуы, екіншісі – онлайн банк жүйелерінің қарқынды дамуы. Бұл бір жағынан өмірді жеңілдетсе, екінші жағынан – алаяқтарға сан түрлі цифрлық шабуыл жасауға жол ашты. Әсіресе, пандемия кезінде халықтың қашықтан жұмыс істеуге көшуі кибершабуылдардың санының үш есеге жуық өсуіне себеп болғанын ресми статистикадан байқауға болады.

Қазақстанда ақпараттық иммунитеттің әлі толық қалыптаспауын ескерсек, бізге кибершабуылдарға қарсы күресті жүйелі түрде ұйымдастырып, цифрлық қауіпсіздік саласына жоғары білікті мамандарды тарту аса қажет. Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік жайлы халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бұл сала мемлекеттің стратегиялық даму жоспарында алдыңғы қатарға қойылуы тиіс.

БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ІРГЕСІ БЕРІК

Терроризм – ұлттық қауіпсіздікке төнетін ең қауіпті қатерлердің бірі, өйткені ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамдық тұрақтылыққа және азаматтардың өміріне тікелей қауіп төндіреді. Жаһандық сипат алған бұл құбылыс – ХХІ ғасырдың ең қауіпті сын-қатерлерінің бірі. Орталық Азия аймағы да бұл қатерден тыс қалмады: бүгінгі күні аймақтың бірде-бір мемлекеті терроризмнің ықтимал салдарынан өзін толық қауіпсіздік деп айта алмайды.



Қазақстан Президенті биылғы қаңтар айында құқық қорғау органдары басшыларымен өткізген кеңесте терроризм мен экстремизмге қарсы әрекет етуді күшейтуді нақты міндет етіп қойғаны осы қауіптің маңызын тағы бір мәрте айқындай түсті. Мемлекеттің тұрақтылығы мен халықтың амандығы тікелей ұлттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігіне байланысты екені даусыз.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, терроризммен байланысты оқиғалар ең көп тіркелетін елдердің қатарында Ирак, Пәкістан және Иран бар. 2002–2011 жылдар аралығында тіркелген террорлық шабуылдардың 35 пайызы Ирак пен Ауғанстан аумағында жүзеге асырылған. 2006–2007 жылдары терроризмнің ең шарықтау кезі тіркеліп, кейінгі жылдары аздап бәсеңдегенімен, жалпы қауіптің беті қайтпаған.

Мұндай жағдайларда мемлекеттің ақпараттық, құқықтық және күштік ресурс-

тарының үйлесімді жұмыс істеуі аса маңызды. Қазақстан да бұл бағытта жүйелі түрде тәжірибе жинақтап, ұлттық қауіпсіздік жүйесінде терроризммен күреске басымдық беріп келеді. Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық және институционалдық негіздері күшейтіліп, нақты механизмдер енгізілуде.

Қабылданған шаралар азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, терроризмнің алдын алуға және оның идеологиясын түбегейлі жоюға бағытталған. Елімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар – террорлық қатерлерге қарсы ымырасыз әрі нақты жауап берудің көрінісі. Терроризмге қарсы тұру – бұл тек қауіпсіздік құрылымдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Өйткені ұлттық қауіпсіздікті қорғау – әр азаматтың бейбіт өмір сүру құқығын сақтау деген сөз.

Дайындаған
Әсет ҚАЛИ

Кез келген мемлекеттің егемендігі мен елдігінің дәлелі – оның заңнамасы. Бірақ заңның болуы бір бөлек те, оның іс-жүзінде орындалуы бір бөлек. Әрбір азамат өзі өмір сүріп жатқан қоғамда өзінің құқығын жетік білсе, бұл сол мемлекеттің өркендеуіне негізгі кепіл болмақ. Сондықтан болар «Ата заңы» адамды басты капиталы деп танитын Қазақстанның құқықтық үстемдік орнатуға ұмтылуы заңды құбылыс. Бүгін елімізде 3,5 мыңнан астам заңгер, адвокат, нотариус пен заң факультеттерінің студенттері халыққа тегін құқықтық көмек көрсетіп отырғаны да мемлекеттің осынау бір саясатының нәтижесі деп білеміз.

Мәселен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, жыл басынан бері 9 мыңнан астам азамат кеңес алған. 2024–2026 жылдарға арналған Волонтерлікті дамыту және қолдау жөніндегі жол картасы аясында Ұлттық және 20 өңірлік фронт-кеңсе жүйелі жұмыс жүргізуде. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында елімізде волонтерлердің қатысуымен 27 мыңнан аса іс-шара ұйымдастырылды. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда бірнеше есе жоғары нәтиже.

Наурыз айында басталған «Жақсылық жаса» марафоны еліміздің барлық өңірлерін де жалғасын табуда. Осы уақыт ішінде әлеуметтік, экологиялық және мәдени бағыттарда 1 600-ден астам қайырымды іс жүзеге асырылды.



ҚҰҚЫҒЫН БІЛГЕН АЗАМАТ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ТМД елдері волонтерлерінің форумын ұйымдастыруға арналған халықаралық ереже дайындалып, соның негізінде жыл сайынғы Волонтерлер форумы өткізіліп келеді. Бұған қоса, Қазақстан 2026 жылы өтетін Халықаралық волонтерлер жылына белсенді түрде дайындалып жатыр. Жыл басынан бері еліміздің әртүрлі өңірлерінде 10 мақсатты топтың кездесуі ұйымдастырылды. Сондай-ақ екі отандық ерікті Түркия мен Тайландтағы халықаралық хатшылықтарға жолданды.

Бүгінде еріктілер қозғалысы еліміздің түкпір-түкпірінде қоғамның қозғаушы күшіне

айналып келеді. Олар балалар мен қарттар үйлерінде қамқорлық танытып, құтқару операцияларына атсалысып, түрлі оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруда. Тіпті, төтенше жағдайлардың алдын алу, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бағытында да белсенді ақпараттық жұмыстар жүргізіп жатыр.

Волонтерлердің бұл бастамалары Qaz-volunteer.kz онлайн-платформасы арқылы жүйелі түрде үйлестіріліп отыр. Бүгінде платформада 3,7 мыңнан астам ұйым мен 1,2 мыңға жуық жоба тіркеліп, ел игілігіне қызмет етуде. Бұл – азаматтық қоғамның белсенділігі мен еріктілік мәдениетінің

жаңа сатыға көтерілгенінің айқын дәлелі.

Сонымен қатар елімізде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып және халықаралық стандарттарды ескеріп, гендерлік саясат пен отбасын қолдау бағыты бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Мәселен, 2024 жылы Әйелдер құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң күшіне енді. Бұл шара отбасылық саясатты дамыту үшін маңызды қадам болды. Аталған заң аясында Отбасын қолдау орталықтарының жұмысы қайта қаралып, олар бірыңғай үлгі бойынша жұмыс істей бастады. Орталықтар саны 33-тен 124-ке дейін үш есе артты. Жыл басынан бері бұл орталықтарға 100 мыңнан астам адам жүгінген, ал 5 мыңнан астам отбасыға жан-жақты қолдау көрсетілген.

Астана, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында ОҚО-лардың жұмыс процестерін цифрландыру енгізілді. Жақын арада «Ата-аналар академиясы» — Ata-ana.kz онлайн платформасы іске қосылады.

Отбасыдағы әке мен ананың ролін арттыру жұмыстары жалғасуда. Аналар күніне орай еліміздің барлық өңірінде отбасын нығайтуға және әйелдердің қоғамдағы ролін айқындауға бағытталған мыңнан астам іс-шара өтті. Әкелер күні қарсаңында Астанада «Әке. Отбасы. Қоғам» атты Х Республикалық әкелер форумы өтті. Оған белсенді ата-аналар, сарапшылар және қоғам өкілдері қатысты.

Бұл қадамдар Қазақстанның әрбір азаматы тең құқық пен мүмкіндіктерге ие болатын әділетті әрі қауіпсіз қоғам құруға деген ұмтылысын айқын көрсетеді.

Ә.МҰХАНБЕТ

САПАР

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Сенаторлар Мемлекет басшысының тапсырмаларын халыққа түсіндіруге орай республика аймақтарына аттанған болатын. Олар жергілікті басшылармен, мәслихат депутаттарымен, мамандармен және тұрғындармен кездесті. Онда әлеуметтік-экономикалық даму, өндірісті жаңғырту, транзиттік әлеуетті дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері талқыланды.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров пен депутат Айгүл Қапбарова Шымкент қаласындағы Абай ауданының тұрғындарымен кездесті. Депутаттар өткен парламенттік сессияның негізгі қорытындылары, заңнамадағы кейінгі өзгерістер және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы хабардар етті. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру, азаматтардың құқығын қорғау және сот төрелігі жүйесін жетілдіру жөніндегі түзетулерге ерекше назар аударылды. Қала тұрғындары қалалық инфрақұрылым, әлеуметтік нысандар құрылысы, коммуналдық қызмет, абаттандыру, бизнесті дамыту, білім беру және денсаулық сақтау туралы сұрақтар қойды. Сенаторлар Шымкент қаласына жұмыс сапары барысында Момынов пен Тіленшин көшелеріндегі теміржол өткелдерінің құрылысымен танысты, жеңіл өнеркәсіп және қызмет көрсету колледжінде де болды. Олар оқу орнының материалдық-техникалық жабдықталуы туралы хабардар болды, аудиториялар мен зертханаларды көріп, педагогтермен және студенттермен әңгімелесті.



Сенат депутаттары Бекболат Орынбеков пен Сәкен Арубаев Жамбыл облысындағы Меркі және Қордай аудандарында болды. Меркі ауданында жылу қазандықтардың жай-күйімен және жылыту маусымына дайындықпен танысты. Олар А.Қосанұлы атындағы №18 орта мектептің жылу құбырын ауыстыру жұмысына куә болды. Мұнда бүгінде жұмыстың 80%-ы орындалды. Депутаттар сондай-ақ «Ауыл аманаты» бастамасы аясында жобаларды жүзеге асыратын кәсіпкерлермен де кездесті. Депутаттар Екпінді ауылында жеңілдетілген тәртіппен қаржы алған бизнестің даму барысымен танысты. Андас батыр ауылында сумен жабдықтау және ауыл шаруашылығына арналған негізгі нысан — суару каналының құрылысын көріп шықты. Сенаторлар Қордай ауданында аудандық орталық аурухана мен Д.Қонаев атындағы №1 мектеп-гимназияда



СЕНАТОРЛАР ЕЛДЕ ЖҮР

болып, білім беру және денсаулық сақтау сапасы мәселелерін талқылады, сондай-ақ алдағы жылыту маусымына қазандықтың дайындығымен танысты. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруға да ерекше назар аударылды. Депутаттар сондай-ақ Қарасу және Қаракемер ауылдарындағы жаңа білім ұясының, сондай-ақ Сортөбе ауылындағы Мәншүк Мәметова атындағы мектепте қазандықтың құрылысымен танысты.

Сенат депутаты Әлібек Нәутиев Атырау облысындағы денсаулық сақтау саласының жай-күйімен танысты. Ол бірқатар медициналық ұйымдарда болып, басшылары және мамандарымен саланың қазіргі жағдайы, сондай-ақ оның одан әрі даму келешегін талқылады. Атырау облыстық

тәсілдерін енгізу туралы саланың ағымдағы мәселелері талқыланды. Сенатор Арман Өтеғұлов аграрлық секторды сумен тұрақты қамтамасыз ету жүйелі тәсілді, мекемеаралық өзара іс-қимылды және заңнамалық деңгейде қолдауды талап



ететінін атап өтті. Сенатор Ләззат Рысбекова фермерлермен және су пайдаланушылармен тығыз диалог жүргізу қажетін атап өтті.

Сенат депутаттары Жанна Асанова мен Нурия Ниязова Алматыдағы басты спорт нысандарының басшыларымен кездесті. Онда «Алматы қаласының спорт ғимараттарының дирекциясы» ЖШС басшылары, сондай-ақ «Спорт-жаттығу кешені», «Орталық стадион» және биік таудағы «Медеу» мұз айдыны сияқты көрнекті нысандардың басқарушылары талқылауға қатысты. Сенаторлардың айтуынша, еліміздегі халық ең көп баратын спорт кешенін жаңғырту кезінде экологиялық тепе-теңдікті сақтау мен келушілерге қолайсыздық туғызбауға ерекше назар аудару керек. Кездесуге қатысушылар «Медеуді» бұқаралық және балалар спортын дамытуға бағдарланып, келешекте әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізе алатын халықаралық спорт және туризм орталығына айналдыру ісін талқылады.

Сенатор Амангелді Нұғманов Ақтөбе облыстық Полиция департаментінің жұмысымен, жеке құрамның қызметімен және негізгі бөлімшелерімен танысты. Құқық қорғау органдарының деректері бойынша облыста тұрақты ахуал сақталып отыр. Интернеттегі алаяқтық, есірткінің заңсыз айналымы, жастар арасында діни бұлдіргі идеялардың таралуы, сондай-ақ әйелдер мен балалардың құ-

қықтарын қорғау басты назарға алынды. Сенатор қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен құқықбұзушылықтың алдын алудағы және азаматтарды қорғаудағы полицияның маңызды рөлін атап өтті. Ол жергілікті құқықтық тәртіп органдарының тиісті материалдық-техникалық жабдықталуына және жұмысына лайықты тұрмыстық-әлеуметтік жағдаймен қамтамасыз етілгеніне тоқталды. Депутат 10 мыңнан астам камера-сы бар бейнебақылау жүйесімен жабдықталған жедел басқару орталығында да болды.

Сенаторлар Ғалиасқар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов Алматы қаласының таулы аймағындағы мұздық көлдер мен гидротехникалық құрылыстардың жай-күйімен танысты. Мұздықтардың күрт еруі кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу, инженерлік құрылыстарды жаңғырту, жағалау сызығын нығайту және алдын алу шараларын уақтылы жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Амангелді Толамисов гидротехникалық инфрақұрылымды күтіп-ұстауға және дамытуға тың көзқарас керек екенін айта келіп, климаттың өзгеруі мен халық санының өсуі жағдайында мегаполистің тұрақты дамуы үшін маңыздылығын атап өтті. Олар «Қазтелерадио» АҚ-да болып, «Көктөбе» телемұнарасының

тардың мәдени әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

Сенатор Ольга Булавкина Шығыс Қазақстан облысындағы Алтай, Катонқарағай және Үлкен Нарын аудандарында жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен және тұрғындармен кездесті. Өңірде салынып жатқан нысандардың сапасы, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар аясындағы қаржыландыру мәселелері кездесудің басты тақырыбы болды. Депутат сонымен қатар Полянское ауылындағы сүт фермасында, Алтай Хамир» жаңа туристік базасының құрылыс алаңында болды. Жоба «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жүзеге асуда және келешекте тұрғындардың отбасылық демалыс орнына айналуға тиіс. Депутат сонымен қатар Катонқарағай ауданында су құбырын жаңғырту жұмысымен де танысты. Ольга Булавкина мен Шәкәрім Бұқтұғұтов Шемонаиха ауданында болды. Олар жұмыс сапары барысында бірқатар инфрақұрылымдық және өндіріс нысандарын аралап, жергілікті тұрғындармен кездесті.

Сенаторлар Наурызбай Байкадамов пен Руслан Рүстемов Қызылорда облысындағы Қармакшы және Қазалы аудандарында болып, әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру барысымен танысты. Халықпен жүздесулерде өзекті мәселелер талқыланды. Депутаттар Қармакшы ауданында Дүр Онғар, Иіркөл және Төребай би ауылдарында газ жеткізу барысына назар аударды. Сенаторлар күршіті өңдеуге маманданған «Жаңажол» ЖШС-да болды. Онда технология үдерісі, еңбек жағдайы және өндіріс көрсеткіштерімен танысты. Депутаттар республикалық маңызы бар ескерткіш орналасқан Жанкент ауылында жергілікті тұрғындармен, мәдениет және білім саласының өкілдерімен кездесті. Руслан Рүстемов Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданының көпсалалы ауруханасында болып, мекеме басшылығымен және ұжымымен кездесті. Сенатор өткен парламенттік сессияның қорытындылары және дәрігерлерді әлеуметтік қорғауды күшейтуге бағытталған заңнамалық бастамалар туралы айтып берді. Кездесуде медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігі мәселесіне баса назар аударылды. Сенатор медицина қызметкерлеріне зорлық-зомбылық көрсеткені үшін жазаны қатаңдату жөніндегі Парламент депутаттарының, дәрігерлер қауымы мен азаматтардың заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарын Мемлекет басшысы қолдағанын атап өтті.

Сенат депутаты Андрей Лукин iKOMEK 109 — «Астана қаласы әкімдігінің Қалалық мониторинг және әрекет ету орталығында» болды. Онда орталықтың қазіргі қызметімен, цифрлық сервистердің міндетімен, азаматтардың өтініштерін өңдеу, елорданың шұғыл және коммуналдық қызметтерімен өзара іс-қимыл тетігімен танысты. Сенатор сонымен қатар Нұра және Есіл астаналық аудандарының басшылығымен және активімен кездесулер өткізді. Оның барысында аумақтарды дамыту, абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылым және халықпен өзара іс-қимылдағы басымдыққа ие мәселелер талқыланды. iKOMEK жүйесі арқылы келіп түскен өтініштерді талдау және аудандық деңгейде шешімдер іздестіруге ерекше назар аударылды.

Айна ХАСАН

БАҒДАР

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

МҰЗ АЙДЫНЫ АШЫЛДЫ

Жаңаөзен қаласында «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында ангар типті көпфункционалды мұз айдынының салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай, «АМАНАТ» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалының төрағасы Темір Мұсаев қатысып, жергілікті тұрғындарды құттықтады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балаларды спортқа баулуға әрдайым ерекше мән беріп келеді. Міне, соның айқын дәлелі — бүгінгі іс-шара. Енді ата-ана-

ға, жаттықтырушылар мен спорт ұйымдарына зор сенім артылып отыр. Жас спортшыларымыз кәсіби жаттықтырушымен бірге биікті бағындырып, жарқын жеңістерге жететініне сеніміміз мол. Көк Туымызды көкке көтеретін нағыз саңлақтар осы мұз айдынынан шыға берсін, — деді Нұрдаулет Қиыбай.

Жаңа кешеннің құрылысы 2023 жылы басталып, 2024

жылы толық аяқталды. Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асты.

Нысанның жалпы аумағы — 1 100 шаршы метр, оның ішінде мұз алаңы — 960 шаршы метр. Мұз айдыны бір мезетте 500 адамды қабылдай алады. Спорттық кешенде ұлдар мен қыздарға арналған жуыну, киім ауыстыру бөлмелері, жаттықтырушылар мен медициналық қызметкерлерге арналған кабинет, сондай-ақ әкімшілік бөлмелер қарастырылған.

Кешеннің екінші қабатында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілеріне арналған заманауи жаттығу залы орналасқан. Мұнда 10-18 жас аралығындағы алғашқы даярлық топтары мен жас спортшылар кәсіби жаттықтырушылардың жетекшілігімен жаттығады.

Алдағы уақытта нысанда хоккей, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және керлинг сынды олимпиадалық спорт түрлерінен тегін үйірмелер жұмысын бастайды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



«АМАНАТ» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру Батыс Қазақстан облысында жүйелі түрде жалғасып келеді. Жол картасы аясында Ақжайық ауданына қарасты Базаршолан ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) салтанатты түрде пайдалануға берілді.

Жаңа медициналық нысанның ашылу рәсіміне Батыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Асылбек Қаналиев, Ақжайық ауданының әкімі Мұрат Сердалиев, облыстық мәслихат депутаты Ақылбек Сағитов, облыстық «АМАНАТ» партиясы Ақжайық аудандық филиалының төрағасы Артур

Ермұқанов және медицина ардагерлері, мекеме басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты.

«Партиямыздың «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасының нақты орындалуы — осындай игі істерден көрініс табуда. Бүгінгі фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылуы — ауыл тұрғындарының денсаулығын қорғауға

бағытталған маңызды қадам. Бұл — елді мекендердегі медициналық қызметтің сапасын жақсартуға партияның нақты үлесі», — деді.

Жаңа нысан заман талабына сай жабдықталған: мұнда қабылдау бөлмесі, күндізгі ем қабылдау бөлмесі, емдеу бөлмесі, вакцинация кабинеті, туберкулезге қарсы кабинет, жеке акушер кабинеті және физиотерапия кабинеті қарастырылған.

Ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмекті сапалы әрі қолжетімді түрде көрсетуге мүмкіндік беретін бұл нысан — өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту жолындағы маңызды бастамалардың бірі.



ТАЗАЛЫҚ — ӘР АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

«АМАНАТ» партиясы қолға алған «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы еліміздің түкпір-түкпірінде жалғасып, қоғам назарын қоршаған ортаның тазалығына аударуға үлкен үлес қосуда. Бұл бастама «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасы аясында жүзеге асып, азаматтардың экологиялық мәдениетін арттыру мен туған өлкені қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыруды көздейді.



ШҚО Зайсан қаласында өткен тазалық жұмыстары барысында Абай атындағы саябақ күл-қоқыстан тазартылып, демалушылар үшін қолайлы жағдай жасалды. Акцияға партия мүшелерімен қатар, жергілікті еріктілер мен жастар қатысты. Зайсан аудандық филиалының төрағасы Болатбек Балғабаев бұл шараның тұрғындар үшін маңызы зор екенін атап өтіп, қоршаған ортаны таза ұстау — әрбір азаматтың міндеті екенін жеткізді.

«Тазалық — мәдениеттің айнасы. «АМАНАТ» партиясы осындай экологиялық іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп келеді. Басты мақсатымыз — туған жеріміздің тазалығын сақтау ғана емес, халықтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру. Зайсан тұрғындары бұл жолы да белсенділік танытып, ортақ іске үлес қосты. Бұл — біз үшін үлкен қуаныш», — деді ол.

Түркістан облысының Жетісай ауданында «Жетісай — Мырзакент» облыстық тасжолының бойында санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға партия мүшелері мен белсенді жастар қатысып, жол бойындағы қоқыстарды жинады.

Ал Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданында ұйымдастырылған экологиялық тазалық жұмыстары аясында аудан орталығы абаттандырылып, түрлі гүл отырғызылды. «Таза-лық — әр адамның жеке жауапкершілігі» деген ұстаныммен өткен іс-шарада тұрғындар туған жерге деген сүйіспеншілігін нақты іспен көрсетті.

Жетісу облысы Ескелді ауданында «Таза бейсенбі» акциясы тұрақты дәстүрге айналып келеді. Әр бейсенбіде ауыл тұрғындары, жастар және ардагерлер бірлесе отырып, елді мекендерді қоқыстан тазартып, қоғамдық орындарды абаттандыру жұмыстарымен айналысады. Қайта өңделетін

қалдықтар сұрыпталып, экологиялық тәрбиеге баса назар аударылуда.

Ақтөбе облысы Алға ауданына қарасты Бестамақ ауылында да осы бастама жалғасын тапты. «Елек» өзені маңындағы қоқыстар жиналып, тұрғындарға қоршаған ортаны таза ұстау қажеттілігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Партияның Алға аудандық филиалының хатшысы Динара Кубесова табиғатқа жана-шырлықпен қарау — әр азаматтың борышы екенін атап өтті.

«Елек — облыс орталығын жанай өтетін, аймақтағы ең белгілі өзен болып саналады. Ол Каспий теңізіне құятын Жайықтың бір саласы. Балалық шағымда осы жерде отбасымызбен келіп демалатынбыз. Бүгін санамда сурет болып қалған сол әдемі өзеннің маңын жинап, қоқыстан тазарттық. Табиғатымыздың тартуын қамқорлықта ұстағанымыз дұрыс», — деді партияның Алға аудандық филиалының атқарушы хатшысы Динара Кубесова.

Құрчатов қаласында өткен тазалық акциясы ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып, қаладағы Абай скверін тазалауға бағытталды. Жарты тоннаға жуық қоқыс жиналып, аумақ абаттандырылды. Қатысушылар қатарында партия мүшелерімен бірге мәслихат депутаттары мен студенттер де болды. Қалалық филиалдың атқарушы хатшысы Елена Гулькова табиғатты аялау — келешек ұрпақ алдындағы борыш екенін жеткізді.

Жалпы, «Таза бейсенбі» акциясы ел азаматтарының туған өлкеге деген сүйіспеншілігін нақты әрекетпен көрсетуіне мүмкіндік беріп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді. Партия өкілдері бұл бастаманың маңыздылығын ескере отырып, оны тұрақты түрде жалғастыруға ниетті.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

КӨКЕЙКЕСТІ

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫМЕН МЕМЛЕКЕТ ХАЛЫҚТЫ ҮЛКЕН КЕСЕЛДІҢ «ТЫРНАҒЫНАН» ҚҰТҚАРДЫ. ӘНГІМЕ МЕКТЕПТЕГІ БАЛАДАН ЕҢКЕЙГЕН ЕГДЕ ЖАСТАҒЫЛАРҒА ДЕЙІН ЗИЯНЫН СЕЗБЕЙ, «СҮЙСІНЕ» ТАРТЫП, КАРТРИДЖДЕГІ ХОШ ИІСТЕНДІРГІШ ТҮТІНІН ҚОР-ҚОР СОРЫП КЕЛГЕН ВЕЙПТЕР ТУРАЛЫ. ПАРЛАМЕНТ ВЕЙПТЕРДІ ІС ЖҮЗІНДЕ ЕСІРТКІГЕ ТЕҢЕДІ ЖӘНЕ АСА ҚАТАЛ ЖАЗА ЕНГІЗДІ. ЕНДІ ОНЫ ЕЛГЕ ӘКЕЛУШІЛЕР 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН СОТТАЛУЫ МҮМКІН. ОСЫҒАН ОРАЙ ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР БҰДАН ДА БЕЙХАБАР АЗАМАТТАРҒА ЕСКЕРТПЕ ТАРАТТЫ.

Жалпы, темекі шегуге, наша-корлыққа қарсы күрес және салауатты өмір салтын насихаттау жаңа деңгейге шықты. Ол елеулі нәтиже беріпті. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша шылым тартатын қазақстандықтардың үлесі 10 жыл бұрын, 2014 жылы 22,2%-ға жетіпті. 2023 жылы бұл үлес 19,4%-ға, 2024 жылы — 20,7%-ға, 2025 жылы 17,5%-ға дейін азайды.

Бұл дерек ұлттық статистиканың жуырда, 15 шілдеде жариялаған есебінде айтылған. Ведомство жыл басында темекі тұтыну жөніндегі кезекті жыл сайынғы зерттеуін жүргізіп, барлық 20 өңірде ауқымды сауалнама жасаған. Бұл ретте 12 мың отбасының жасы 15-тен асқан мүшелері респондентке айналды. Нәтижесінде, ауылдықтардың ішінде шылымқорлардың үлесі — 19,1%, ал қалалықтар арасында 16,7%-ды құрайтыны айқындалды.

Көк түтінге көмілуді жаны сүйетін ерлердің ішінде қарапайым темекіні шегетіндер — 34%, әйелдердің үлесі 5% болды. Қалғаны денсаулыққа қауіпті IQOS пен Glo сияқты темекіні қыздыруға арналған жүйені, коркоркальянды, электронды сигареттерді шегетін көрінеді.

Ұлттық статистика бюросының түсіндіруінше, тұтастай алғанда, бүкіл Қазақстан тұрғындары арасында құрамында никотині бар өнімдерді тұтына-тындардың үлесі 15-17 жас аралығында — 3,6% (2024 жылы — 1,2% болған-тын, екі еседен астамға өсті), 18-28 жаста — 11,2% (11,9% еді, төмендеді), 29-38 жаста — 19,3% (былтырғысы — 24,8%), 39-48 жаста — 22,7% (27,7%), 49-59 жаста — 23,6% (26,3%), 60 және одан қариялары арасында — 10,6% (2024 жылы 11,8% болған).

Ендеше темекі мен басқасының ешқайсысын татпайтын азаматтардың үлесі бәрібір басымы көрінеді. Сөйтіп, статистика



ҚОҒАМДЫҚ КЕСЕЛГЕ КЕДЕРГІ ҚОЙЫЛДЫ

мамандарының пайымдауынша, «түтінді бұрқыратсам, ересек, мықты көрінемін!» деп жаңылыс түсінетін мектеп оқушыларынан басқа жас топтарында никотин өнімдерін тұтыну айтарлықтай азайып келеді. Көрсеткішті жақсарту үшін педагогтер, ата-аналар, халық денсаулығы мен салауатты өмір салтын ілгерілетуге жауапты құрылымдар және тұлғалар жоғары сынып оқушылары арасындағы түсініктеме жұмыстарын өрістеткені маңызды.

Мемлекеттік кірістер комитетінің түсіндіруінше, ел Парламенті былтыр «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне түзетулер енгізетін жаңа «Кейбір заңнамалық актілерге денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдады. Құжатқа 2024 жылғы 19 сәуірде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қол қойып, ол өтпелі 60 күн өткен соң 2024 жылғы 20 маусымда қолданысқа енгізілді.

Осы түзетілген денсаулық сақтау кодексінің 110-бабына сәйкес, «шегілмейтін темекі бұйымдарын, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтарды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға» қатаң тыйым салынды.

Сондай-ақ жаңа заңмен IQOS, Glo сияқты «темекі қыздыруға арналған жүйелерді» 21 жасқа дейінгі адамға сатуға, 18 жасқа толмаған адамның сатуына, сауда автоматтары, электрондық, механикалық құрылғылар арқылы сатуға, денсаулық сақтау, білім беру, сауықтыру, спорттық ғимараттардың, стадиондардың аумақтарында және басқа да бірқатар жағдайда сатуға үзілді-кесілді тыйым салынды.

Мұның сыртында, мемлекеттік кірістер органының мәліметінше, аталған жаңа заңмен Қылмыстық кодекске тыйымды бұзғаны үшін жауапкершілік белгілейтін жаңа 301-1-бап енгізілді. Вейптерді сату және тарату үшін әкімшілік салдар ғана емес,

бұдан былай қылмыстық қудалау болады.

Мысалы, шегілмейтін темекі бұйымдарын, электронды сигареттерді, вейптерді, хош иістендіргіштері мен сұйықтықтарын сатқандарға, таратқандарға 200 АЕК-ке (2025 жылы — 786 400 теңгеге) дейін айыппұл салынады не айыпты 50 тәулікке дейін қамаққа алынады.

Осы өнімдерді Қазақстанға сырттан әкелгендерге, өндіргендерге жауапкершілік бұдан қаталдау: мүлкі тәркіленіп не

санына қарамастан қылмыстық жазаланатыны көрсетілген. Яғни, қазақстандық немесе жатжұрттық шетелде өзі тұтыну немесе әлдекімге тарту ету үшін тартымды қаптамасы бар жалғыз ғана вейпті сатып алып, соны республикаға алып кіруге талаптанса, сол үшін сотталып кетуі мүмкін.

Бұдан бөлек, Бас прокуратура электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің) заңсыз айналымына қатысты мәлімдемемен қайырылды. Ол 2024 жылғы 19 сәуірдегі заңмен Денсаулық кодексі ғана емес, Қылмыстық кодекс 301-1-баппен толықтырылғанына назар аудартты.

Бұл баптың екінші бөлігінде вейптерді ел аумағына әкелушілер

санына қарамастан қылмыстық жазаланатыны көрсетілген. Яғни, қазақстандық немесе жатжұрттық шетелде өзі тұтыну немесе әлдекімге тарту ету үшін тартымды қаптамасы бар жалғыз ғана вейпті сатып алып, соны республикаға алып кіруге талаптанса, сол үшін сотталып кетуі мүмкін.

— 2025 жылдың басынан вейптерді әкелудің 16 фактісі тіркеліп, 9-ы сотқа жолданды. Қалғаны бойынша тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, 24 жастағы Қазақстан азамат-



Статистика мамандарының пайымдауынша, «түтінді бұрқыратсам, ересек, мықты көрінемін!» деп жаңылыс түсінетін мектеп оқушыларынан басқа жас топтарында никотин өнімдерін тұтыну айтарлықтай азайып келеді.

онсыз, 2 000 АЕК-ке (7 864 000 теңгеге) дейін айыппұлмен, не 2 жылға бас бостандығын шектеумен, не сол мерзімге түрмеге қамалумен жазалануы мүмкін.

Сөз болған қылмысты егер қылмыстық топ жасаса немесе қылмыс аса ірі мөлшерде кіріс алуымен ұштасса болмаса бірнеше рет қайталанып жасалса, онда қылмыскерлерді аса қатал жаза күтеді: мүлкі тәркіленіп, 5 000 АЕК-ке (19 660 000 теңгеге) дейінгі мөлшерде айыппұл төлейді немесе мүлкі тәркіленіп, 5 жылға абактыға жабылады.

Осыған байланысты Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Қазақстан азаматтарын, елге келе-

шасы 5 вейпті елге заңсыз әкелгені үшін сот алдында жауап берді. Аудандық сот үкімімен бойжеткен 1 жылға бостандығын шектеу жазасына сотталды. Талдау көрсеткендей, азаматтар вейптерді әкелуге болмайтынын, ол үшін қылмыстық жауапкершіліктің барын білмейтін болып шықты, — деп екпін түсірді елдің бас қадағалаушы органы.

Осыған орай Бас прокуратураның тапсырмасымен, көлік прокурорлары әуежайларда, вокзалдарда және кеден бекеттерінде ауқымды түсіндіру акцияларын жүргізіпті: баннерлер ілген, экрандардан бейнеролик көрсеткен. Сондай-ақ вейптерді өз еркімен тапсырып, тастап кетуі үшін арнайы жәшіктерді орнатты.

«Ақпараттық науқан басталғалы азаматтар мен туристер арасында вейптерді әкелудің жаңа қылмыстық істері тіркелмеді. Прокуратура еске салады: ел аумағына вейптерді әкелу санына қарамастан қылмыстық құқықбұзушылық саналады және Қылмыстық кодекстің 301-1-бабының 2-бөлігіне сәйкес, екі жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген», — деді Бас прокуратура.

Осы жаңа заңмен жұмыс істеп, жетілдірген депутаттардың бірі сенатор Айнұр Арғынбекова бұл құжат Президенттің 2020 жылғы 27 мамырда, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің III отырысында қойған міндеттерді іске асыру үшін әзірленгенін жеткізді. Қарсылар тыйымға тоқтау салу үшін вейптің кәдімгі темекіге тәуелділіктен құтылуға азаматтарға көмектесетінін алға тартты. Алайда қолдаушы депутаттардың қарсы дәйектемесі күштірек болды.

— Заңдағы негізгі новеллалардың бірі Қылмыстық кодексте тиісті жаза қарастырып, вейптердің, хош иістендіргіштері мен сұйықтықтарының айналымына толық тыйым салуды енгізу болды. Бұл оларды әсіресе жасөспірімдер мен жастардың тұтынуына тосқауыл қояды. Бұл норма Президенттің вейп пен электронды сигаретті тұтынуымен күреске бағытталған шұғыл және жүйелі шаралар қабылдау тапсырмасын орындау үшін қабылданды, — деді А.Арғынбекова.

Ол бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «қарапайым темекіден вейпке ауысқан шылымқорлардың ағзасына зиянның азайғаны туралы» тұжырымды жоққа шығарды. Тиісінше, Дания, Норвегия, Аргентина, Сингапур және басқа да 33 мемлекет вейптер мен басқасының айналымына тыйым салып тастады.

Сенатор Руслан Рүстемовтің пікірінше, дені сау жастар — бұл дені сау ұлт және мемлекеттің өркендеуінің кепілі. Әйткенмен, вейп және басқа заманауи қауіпті құбылыспен күресті әрі қарай пәрменді жалғастырып, шұғыл, жүйелі шаралар қабылдай беру қажет. Депутат Парламенттің мұндай қатаң қадамға не түрткі болғанын жеткізді.

Заң қабылданар қарсаңында электрондық тұтыну жүйелерін үнемі қолданатын жасөспірімдердің саны жыл сайын артып отырған және отандық нарығы 2020 жылдан 300 есе өскен! ДДСҰ-ның 2022 жылғы «Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен әл-ауқатын қалыптастыратын факторлар» зерттеуі көрсеткендей, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 9,8%-ы вейптерді үнемі тұтынған, жастардың жалпы санындағы үлесі 2018 жылдан үш есе өсіпті. Осыдан елде қандай кесепатқа кедергі қойылғанын аңғаруға болады.

Елдос СЕНБАЙ

ӨЗЕКТІ

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Жанымыз көзімізге көрініп, дертіміз асқынғанда дәрігер іздейміз. Сол сәтте ақ халатты жанға үлкен үмітпен қараймыз. Ал денсаулығымыз сау болса, дүниенің уақытша екенін ұмытып, ақ халаттыларға құрметсіздік танытып, зәбір көрсетеміз. Жасаған жақсылықты тез ұмытамыз. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2019 жылдан бері Қазақстанда дәрігер, фельдшер, медбикелерге және басқа да денсаулық сақтау қызметкерлеріне жасалған шабуылдардың 170-тен астам фактісі тіркеліпті.



«Жанға араша» ЖАНДАРҒА КІМ АРАША?

Әсіресе, жедел жәрдем қызметкерлері жиі соққыға ұшырайды. Қоғам назарын аудартқан осындай оқиғаның алғашқысы 2023 жылы тіркелген еді. Желіде ер адамның жедел жәрдем жүргізушісін соққыға жыққан бейнежазбасы тарап кетті. Оқыс оқиға Қарағанды қаласында болған. Жарияланған бейнежазбадан ер адамның жедел жәрдем жүргізушісіне дауыс көтеріп сөйлеп жатқанын көруге болады. Қала тұрғыны жүргізушіге көлікті дұрыс қоймағаны үшін шүйліккен. Ашуға булыққан ер адам жедел жәрдем қызметкеріне соққы жаудырған. Кейін Қарағанды облысы Полиция департаменті жедел жәрдем жүргізушісіне денежарақаттарын келтірген азамат анықталғанын хабарлады. Бірақ медицина қызметкерлеріне шабуыл жасау мұнымен біткен жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында «дәрігерді соққыға жықты» деген акпарат құтты бір эпидемия сияқты таралып кетті. Айталық, Қостанайда науқастың шақыртуына барған жедел жәрдем қызметкері Әнел Баймурзина соққы алып, ауруханадан бір-ақ шықты. Оған науқастың жақындары шабуыл жасаған. Фельдшердің айтуынша, ол сол күні түнгі ауысымға түскен. Жедел жәрдемге «Демікпе, жүрек» деп шақырту келген. Шақырту бойынша барып, алғашқы көмек көрсетеді. Алайда науқастың жақындары бір нәрсені дұрыс істемесе, қарғап, түрмеге отырғызатындарын айтыпты. «Науқастың демі тоқтаған соң реанимациялық шараларға кірісіп, 30 минуттай аман алып қалу үшін күрестік» дейді. Алайда науқас көз жұмған екен.

— Сол сәтте науқастың жақындары мені теуіп, шашынан ұстап ұра бастады. Жанымдағы екінші фельдшер мен жедел жәрдем жүргізушісі маған араша түсті. Алайда әйелдерге төтеп бере алмады. Бірақ көршісі келіп, құтқарып қалды, — дейді фельдшер.

Әнел Баймурзинаға мидың шайқалуы, самай аймағының гематомасы, бетінің жұмсақ тіндері сырылған деген диагноз қойылды. Осы мәселелерге байланысты былтыр медицина қызметкерлерінің құқығын қорғайтын заң қабылданды. Құжатта дәрігерлер басы артық есеп беру ісінен де босатылатыны қамтылған. Сонымен бірге меди-

цина қызметкерлерінің балаларын тұрғылықты жерінде мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау кезінде басымдық беріледі. Мамандығы бойынша әскери қызметін өтей алады немесе әскерге шақыртуды кейінге қалдыру құқығы беріледі. Бұдан бөлек, ауылдық елді мекендерге қоныс аударғандарға 8,5 млн теңге бір реттік ақшалай көмек беріледі. Сондай-ақ медицина қызметкерлерінің қоғамдағы мәртебесін арттыру үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы тағайындалды. Алайда, бұл заң қабылданғанына бір жылға жуық уақыт болса да, медицина қызметкерлеріне деген құрметсіздік азаяр емес. Айталық, 2 маусым күні Қарағанды облыстық балалар ауруханасында 38 жастағы облыс тұрғыны дәрігерлермен сөзге келіспей қалып, соққыға жыққан.

— Күдікті оқиға орнында ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған факт бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Оқиғаның барлық мән-жайын жан-жақты және объективті анықтауға бағытталған қажетті тергеу әрекеттері жүзеге асырылмақ, — делінген полицияның ресми сайтында.

Елімізде ақ халатты абзал жандарға күш көрсету, тіл тигізу, тіпті соққыға жығу оқиғалары жиілеп кеткеніне Мемлекет басшысы да назар аударды. Президент медицина қызметкерлеріне күш қолданып және қатыгездік танытқан әрекеттерге қатысты жазаны қатаңдату мақсатында ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізу туралы Парламент депутаттарының, денсаулық сақтау саласы өкілдерінің және белсенді азаматтардың ұсынысын қолдады.

ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНДАРҒА ҚАТАҢ ЖАЗА КЕРЕК

Ал Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов дәрігерлерге жасалған шабуыл полиция қызметкерлеріне шабуыл жасаумен теңестіріліп, қылмыстық жауапкершілік күшейтілуге тиіс екенін айтады.

— Қазақстанда басқа ешбір мамандық медицина қызметкерлеріндей жиі агрессияға тап болмайды. Оның салдары қазірдің өзінде байқалып жатыр. Дәрігерлер жұмыстан кетіп жатыр, өйткені өзін қауіпсіз сезінбейді. Сондықтан біз,

бұған дейін үш рет Қылмыстық кодекске өзгерістер ұсындық. Дәрігерге шабуыл жасаған адамға қатысты бөлек бап, қатаң жаза болуы керек. Бұл жаза полицияға немесе орманшыға шабуыл жасаумен тең болуға тиіс. Егер дәрігер соның кесірінен жұмысқа жарамай қалса, кінәлі адам моральдық та, материалдық та өтемақы төлеуі керек. Қажет болса өмір бойы төлесін, — дейді депутат.

Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, бұл бастама Үкіметтің қорытындыларында қолдау таппаған. Жакында болған дәрігерлерге қатысты жағдайға үстірт қарауға болмайды. Ең сорақысы, медицина қызметкерлеріне қол көтеру, әсіресе жедел жәрдем мен емхана дәрігерлеріне күш қолдану әдетке айналып барады. Сондықтан оған дереу тоқтау салып, заң-

Ішкі істер министрінің мәліметінше, ауруханалар мен перинаталдық орталықтардың қабылдау бөлмелерінде тәулік бойғы полиция бекеттері қойылған. Барлығы 115 денсаулық сақтау нысаны қорғауға алынды. Кікілжіндерге жедел ден қою мақсатында маршруттық патрульдер көрсетілген мекемелерге жақын орналастырылды. Қазіргі уақытта медициналық мекемелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жекелеген шаралар қабылданды.

ӘР НАУҚАСТАН СӨЗ ЕСТУГЕ МӘЖБҮР

Кардиолог-дәрігер Гүлжан Болатбекқызы қызмет барысында науқастар тарапынан бірнеше рет қысым көргенін айтты. Көп дәрігердің жүктемесі ауыр. Оны түсініп

Адам денсаулығына жауапты дәрігерлерге диагноз қою, емдеу, зерттеу әдістеріне қарап науқасқа жедел көмек көрсету оңай емес. Кейде біз 1-2 секунд ішінде науқастың шағымдарына қарап шешім қабылдауымыз керек болады.

мен шектеу қою керек. Халықаралық тәжірибеде біздің ұсынысымыз дұрыс екенін көрсетеді. Еуропа елдерінде дәрігерге шабуыл жасау полицияға шабуыл жасаумен тең. Онда мұндай әрекет үшін нақты, қатаң жаза бар. Мемлекет дәрігерді қатты қорғайды. Бізде де солай болуы қажет.

— Қарағандыда бір азамат аға медбикені жұмыс орнында соққыға жыққан. Медбике басынан жарақат алған, саусақтары сынған, денесі көгеріп, шашы жұлынып, ауыр соққыға ұшыраған. Ал Қостанайда хирург-урологқа шабуыл жасалды. «Мені кезексіз кіргізбеді» деп ашуланған науқас дәрігерді ұрған екен. Салдарынан, ол ауыр жарақатпен ауруханаға түсті. Басынан қан кеткен, сүйегі сынған. Мұны жай ғана «кездейсоқ жағдай» деуге болмайды. Бұл дегеніміз — тек дәрігерлер үшін емес, әрқайсымыз үшін қауіпті шабуыл, — деді депутат.

жатқан науқастар да аз. Олар дәрігерлерге дөрекі сөйлеп, тіпті қол көтеруге дейін жеткен жағдайларды көріп жүрміз. Әсіресе, участкелік дәрігерлер баланы да ересекті де қабылдап, үй аралайды.

— Сондықтан науқастар дәрігерлерге сыйластықпен қараса деп ойлаймын. Адам денсаулығына жауапты дәрігерлерге диагноз қою, емдеу, зерттеу әдістеріне қарап науқасқа жедел көмек көрсету оңай емес. Кейде біз 1-2 секунд ішінде науқастың шағымдарына қарап шешім қабылдауымыз керек болады. Алайда көп жағдайда науқас агрессия көрсетіп жатады. Сонда дәрігер науқастардан үнемі қорқып отыруы керек пе? Осыдан 2 жыл бұрын қабылдауыма бір науқас жазылды. Кореядан 2 миллион теңгеге кешенді тексерілуден өтіп келіпті. Бірақ Оңтүстік Корея, Түркия сияқты дамыған елдерде дәрігерлер науқасқа анализ қорытын-

дыларын «жағдайыңыз қалыпты» деп бірауыз сөзбен ғана түсіндіреді. Ал біз алдымызға келген адамға бірнеше қайталап, жіліктеп түсіндіріп береміз. Керек болса, жазып та қолына ұстатамыз. Содан әлгі науқас менің қабылдауыма тапсырған анализ қорытындысын қайта қаратуға келіпті. Неге сол науқастар шетелдің клиникаларында «түсіндірмедіңіз» деп жанжал шығармайды? Өйткені ол жақтың дәрігерлері өздеріне құрметті талап етеді. Ал біздің дәрігерлер аз айлыққа әр науқастан сөз естіп жұмыс істейді, — дейді Гүлжан Болатбекқызы.

Бұл мәселе мемлекетімізде ғана өзекті емес, шетелде де шешімін таппаған түйткіл. Өйткені көп елде науқастың дөрекі қылықтарын дәрігердің қызмет көрсетуіне қанағаттанбау деп қабылдау жиі кездеседі. Алайда дәрігерлердің құқығын қорғауға негізделген заңдар мен ұйымдар аз емес. Мәселен, 1986 жылы АҚШ-тың бір топ дәрігерлері Physicians for Human Rights деп аталатын құқық қорғау ұйымын ашады. Бүгінде халықаралық ұйымға айналған орталық әлем елдерінің, әсіресе Шығыс Азиядағы еңбегі еленбей қалатын әріптестерінің құқығын қорғау, моральдық көмек берумен айналысады. Ұйым дәрігерлердің жағдайынан бөлек, сегрегация, дискриминация, әйелдер зорлығы, қарулы қатығыс жағдайларында азаматтарды қорғау сияқты мәселелердің шешімін табуға да атсалысады.

— Жалпы қоғамда, отбасында шешілмеген мәселе көп. Науқастар сол ашу-ызасын медицина қызметкерлерінен алуға тырысады. Ал дәрігерлерге науқастарға қарсы шығуға, оған көмек көрсетуден бас тартуға болмайды. Тіпті, дауыс көтеріп ұрса да алмайды. Сондықтан шығар науқастар ақ халаттыларды басынады. Енді медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағандар 2 жылдан 7, 15 жылға бас бостандығынан айырылатын жаза шықса, бұл мәселе шешілер. Жалпы, қоғамда мәдениет төмен, ішкі мәдениет жоқтың қасы. Менің ойымша, қандай мәселе болса да оны аяқаймен шешу дұрыс емес. Егер науқас білімі төмен дәрігерге кезіксе, оны ұрып-соққанша, одан тәжірибесі мол, лауазымы жоғары маманға жүгінуіне болады, — дейді 48 жылдық тәжірибесі бар білікті дәрігер Матай Есенғалиева.

Оның айтуынша, өз құқығын, басқа адамның да құқығын білген адам ондай қылыққа бармас еді. Ендеше медицина қызметкерлерінің қоғамдағы дәрежесін көтерген дұрыс. Ақ халаттылардың алатын жалақысынан бастап, жұмыс орнындағы жағдайын, денсаулықтарының қорғалуына дейін мән беру керек.

— Менің тәжірибемде 1-2 рет өз баласын дәрігер қабылдауы кезінде ұрып-соққан ана кездесті. Ол да бізге бала арқылы қысым деп ойлаймын, — дейді Матай Есенғалиева.

Кінәні тек бір тарапқа артудан аулақпыз. Десе де, өмір мен өлім арасындағы сәтте көмекке келетін ақ халатты жандарға тіл тигізу, қол көтеру — олардың жанқияр еңбегін жоққа шығару. Аз еңбекақымен-ақ елге қызмет етіп жүрген дәрігерлерге мұндай қарым-қатынас — қоғамда адам өмірінің, адам еңбегінің қамшылықты қадірсіз болып бара жатқанын көрсеткендей.

Көктем ҚАРҚЫН

ТҮЙТКІЛ

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ҚАЗАҚТІЛДІ ОРТА
ҚАШАН КЕҢЕЙЕДІ?

Өкінішке қарай, қазір Қазақстанда қазақ тілінде жүргізетін шахмат комментаторлары небәрі үшеу ғана. Сол үшеудің бірі — Фархат Мәжитұлы. Оны Қазақстан шахмат федерациясы арнайы шақырып, 2023 жылғы 9 сәуірде Сент-Реджис қонақүйінде өткен Ян Непомнящий мен Дин Лижэнь арасындағы Әлем чемпионатын тікелей эфирде қазақша түсіндіріп беру міндетін сеніп тапсырды. Сол тарихи матчтағы тікелей эфирді тізгіндеген Фархат Мәжитұлы мен халықаралық гроссмейстер Мұртас Қажығалиев болды.

Бүгінде шахматты үйренемін деген жас буын арнайы орталықтар мен академияларда талабын шындай алады. Осындай орталықтағы жаттықтырушының көбі жұмысын орыс тілінде жүргізеді. Ал ауыл-аймақтарда мұндай орталық тұрмақ, шахмат жаттықтырушыларының өзі тапшы. Фархат Мәжитұлы да ауылда кәсіби жаттықтырушысыз шахматты меңгерген. Ойын шартын сыныпта-сынан үйреніпті. Зиятын арттыратын шахматқа қызыққаны сонша, өз бетінше кітап парактап, спорт шеберіне үміткер деңгейіне дейін жеткен. Осындай тәжірибеден өткен ол тіл мен білікті мамандарды дайындауға басымдық бергенде, бұл мәселе ауылдарда әлдеқашан шешілетін еді деген тұжырымға келді.

— Ауылды жерде білікті шахмат маманын табу қиын. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде бұл мәселе әлі де өзекті болып отыр. Өйткені зерек, талантты бала көп. Бірақ олар шахматты мемлекеттік тілде үйренгісі келеді, кітап оқығысы келеді. Өкінішке қарай, қазақ тілінде мұндай деңгейдегі шахмат кітаптары жоқтың қасы. Айтылып отырған мәселенің түп-төркіні — қазіргі жаттықтырушылардың орысша білім алғанында. Бұрынғы буын көбіне орыс тілінде білім алғандықтан, біз өзіміз де осы қиындыққа тап болдық, — деді Ф.Мәжитұлы.

Бұрын бұл мәселені неге шеше алмадық? Фархат Мәжитұлының айтуынша, шахматпен кәсіби түрде айналысатын қазақтілді спортшылар өте аз. Бүгінде қазақстандық шахмат ортасы кеңейген. Өйткені бұл енді ғана бұқаралық сипатқа ие болып келеді.

— Президент шахматты өте жақсы қолдауда. Шахматтың насихатталуы да қарқынды жүріп жатыр, елімізде мықты ойыншылар қатары уақыт өте артып отыр. Қазақ тілінде үйреніп жүрген балалар бар, олар шахматты соңғы 3-4 жылда ғана бастады. Сондықтан бұл мәселе таяу уақытта шешіледі деп ойлаймын. Кемі 5 жыл, ары кетсе 10 жыл ішінде қазақ тілінде сабақ беретін білікті мамандар, жаңа буын кадрлар дайын болады деп сенемін, — дейді ол.

Бүгін жаттықтырушыларды былай қойғанда, «өз бетіммен дайындаламын» деген балаға оқулық не нұсқаулық жок. Мемлекеттік тілде шахматты оқытатын әдебиет мүлде жазылмады десек те болады. Бар болса да, саусақпен



ШАХМАТ

ОЙНАҒАН

ОЗАР

Бүгінге дейін гроссмейстер атағына 40 қазақстандық ие болған. Оның 24-і ер адам болса, 16-ы — әйелдер. Бұл шахматтағы озық көрсеткіш болғанымен, бір «әттеген-айы» бар. Ол — қазақтілді тренерлердің аздығы. Шахмат ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыратын тәрбие құралы деп есептелсе, онда бұл спорт мемлекеттік тілде үйретілуге тиіс емес пе? Қазақтілді шахмат жаттықтырушылары неге санаулы? Бұл ойынды қазақ тілінде үйренгісі келетін бүлдіршіннің талап-тілегі қашан орындалады?



санарлықтай. Атап айтқанда, әлемнің бірнеше дүркін чемпионы, әйелдер арасындағы халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Динара Сәдуақасованың «Шахмат ойнап үйренейік» атты кітабы бар. Мұның өзі осыдан 7 жыл бұрын жазылған еңбек. Ал соңғы уақытта жарыққа шыққан кітаптың бірі — жақында мектептерге жол тартқан 1-сыныпқа арналған «Шахмат негіздері» оқулығы. Бастауыш мектеп курсына арналған бұл оқулық балаларға ежелгі әрі зияткерлік ойындардың бірі — шахматтың негізгі қағидаларын меңгеруге көмектеседі. Ал кәсіби деңгейдегі, тәжірибесі жоғары шахматшы-

ларға арналған әдебиеттер әлі жазылмады. Аударма жағы да дәл осындай сипатта.

— Барлық сапалы, мазмұнды кітаптар орыс тілінде жазылған. Терминология да, әдістемелер де сол тілде қалып қойды. Мәселе мынада: біз балаларды оқытып жүрген ең мықты кітаптар — әйгілі шеберлердің, жаттықтырушылардың, кеңестік шахматшылардың еңбектері. Егер біз осы маңызды, іргелі шахмат кітаптарын қазақ тіліне аудару мәселесін көтерсек, өте жақсы болар еді. Сонда қалалық та, ауылдық та балалар өз бетінше кітап арқылы шахматты үйрене алар еді. Менің

ойымша, алдағы 5-10 жылда бұл мәселе қазақ тілінің пайдасына шешіледі. Кәсіби деңгейде қажетті негізгі әдістемелер, партиялар жинағы, әйгілі гроссмейстерлердің үздік ойындары мен терең талдаулары, мысалы, Ботвинниктің, Каспаровтың «Менің ұлы ізашарларым» секілді еңбектері қазақ тіліне әлі аударылған жоқ. Осындай сапалы кітаптар аударылса, керемет болар еді. Алайда қазіргі таңда баспа ісінде әлі де жүйесіздік бар, сондықтан күтіп отырымыз. Баспа ісі мен аударма реттелсе, қазақтілді шахматшылардың сапасы мен саны да арта түсері сөзсіз, — дейді Фархат Мәжитұлы.

Сонымен қатар әлемдік матчта комментатор болып, қазақша ақпарат таратқан Фархат Мәжитұлы комментаторлық бағытта әлі де тұрақты жүйе қалыптаспағанын алға тартты.

— Менің ойымша, бұл жерде мәселе — көрерменнің жоктығында емес, мәселе — шахматтың қазақ аудиториясында енді ғана танымал бола бастағанында. Иә, қазірше комментаторлық бағытта айтарлықтай жүйе қалыптаспаған, бірақ бұл уақытша құбылыс деп сенемін. Себебі болашағы зор, дарынды жастарымыз көп. Жақын арада бұл мәселе де шешімін табады деп ойлаймын. Өйткені елі-

мізде шахматқа деген қызығушылық күн санап артып келеді, — деді.

Оның айтуынша, шахмат комментаторы болу үшін жүйелі сөйлей білу жеткіліксіз, ол шахматты терең түсінетін, тәжірибелі ойыншы болуы керек. Әсіресе, шеберлердің партияларын талдап беру үшін өзі де жақсы деңгейде ойнай алуы шарт екенін айтты.

ТЕРМИНОЛОГИЯҒА
БІРІЗДІЛІК КЕРЕК

Кей мектептерде шахмат пән ретінде оқытылып жүр. Айдос Тұрғанбай — Астанадағы Zerdeli халықаралық мектебінде шахматтан балаларға қазақ тілінде сабақ өтіп жүрген жалғыз тренер. Ол нұсқаулықтарды пайдалану әлдеқайда қиын екенін айтады. Оның себебі мектеп жасындағы балаларға арналған оқулықтар жоқ.

— Шахмат ақыл-ойды өсіреді. Бірақ қазақша ойланатын бала үшін бұл қиындық туғызып жатыр. Өйткені қазақ тілінің терминологиясы дұрыс қалыптаспаған. Қазір әр ойыншы өзінше аударып жүр. Меніңше, сөздіктерге мемлекеттік деңгейде назар аудару керек. Филологтар мен шахмат шеберлері келісе отырып қазақша нұсқаулықтарға бірізділік енгізсе, шахматтың қазақша ауқымы да кеңейер еді. Бастауыш оқып жүрген кезде шахматты хобби ретінде бастап едім. Қазір байқасам, содан бері ауылымда кәсіби маман да, шахматтан жетістікке жетіп жүрген бала да жоқ, — дейді ол.

Шахмат — баланың мінезін қалыптастырады: зеректік, шешім қабылдау, сабырлық, өзін-өзі ұстау сияқты басқа да адамгершілік қасиеттер интеллектуалды ойын арқылы бойға дариды. Мектеп қабырғасында бұлар ойын арқылы ғана емес, арнайы дайындалған бейнеролик пен анимациялар арқылы да түсіндіріледі. «Осындай мүмкіндікті дұрыс пайдалана алмай жатырмыз», — деген Айдос Тұрғанбай қазақтілді бағдарламалар жасау керегіне тоқталды.

— Сабақ барысында балаларға үзіліс ретінде бейнежазбаларды көрсететін кездер болады. Әлеуметтік желіден іздейтін болсақ, тек орысша материалдар шығады. Қазақшасы табылғанның өзінде сапасы өте нашар, балалар одан ештеңе ала алмайды. Содан орысша бейнематериалдарды амалсыз пайдаланамыз. Кітап шығару қиын болса, қазір бәрін электронды түрде жүзеге асыруға да болады. Неше түрлі программа бар. Сондай жүйелерге қазақ тілін орнатсақ, кедергілерден әжептәуір арылатын едік. Қазақша ойлаған бала қазақ болып өседі. Сондықтан шахматқа спорт деп емес, ұлттық құндылығымызды дамытатын мүмкіндік деп қарауымыз керек, — дейді Айдос Тұрғанбай.

Шахматта қазақ тілінің дұрыс өркендемеуінен дарынды балалар мен білікті ұстаздар өз әлеуетін толық аша алмай отыр. Шахмат тактасында қазақ тілі үстемдік құрса, елдің ертені терең ойлы, зерделі, ұлттық рухы берік ұрпақпен бекемделері сөзсіз. Бұл — тек бір спорт түріндегі тілдік жеңіс емес, ұлттың зияткерлік биігіне бет алған рухани серпілісі. Ендеше шахматтағы әр жүріс — тіл тағдырына жасалған нақты қадам.

КӨЗҚАРАС

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Шілденің басында өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы тиімді көші-қон саясаты демографиялық болжамдарға сүйенуі және халықтың ішкі мобильділігінің шыннайы себептерін ескеруі қажет екенін атап өтті. Бұл тезис қазір Қазақстан бетпе-бет келіп отырған өзекті үрдістер мен сын-қатерлермен тікелей байланысты.

Бүгінде көші-қонның негізгі бағыты — ел ішіндегі қоныс аудару. Соңғы жылдары Қазақстанда ішкі көші-қон белсенділігі тұрақты түрде өсіп, бірнеше маңызды мегатрендті қалыптастырып отыр. Біріншіден, урбанизация — ауыл халқының жаппай ірі қалаларға қоныс аударуы. Екіншіден, мегаполистердің айналасындағы елді мекендердің өсуі, агломерациялық аймақтардың кеңеюі және субурбанизация үдерістерінің қарқын алуы. Үшіншіден, өңіраралық көші-қон ағындарының жандануына куә болып отырмыз. Бұған вахталық әдіспен жұмыс істеу, сондай-ақ маятниктік көші-қон (күнделікті немесе апталық жұмыс сапарлары) мысал бола алады. Солтүстік және батыс өңірлерде Ресейге бағытталған вахталық еңбек миграциясы орын алады. Төртіншіден, көші-қонның этникалық құрылымы өзгеруде. Бұрын мұндай үдерістерде негізінен қазақтар мен славян этностары басым болса, соңғы жылдары оған өзбектер, дүнгендер, тәжіктер және күрдтер белсенді



КӨШІ-ҚОННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ӨЗГЕРУДЕ

шиеленістердің туындау қаупін де жоққа шығаруға болмайды.

Бұл үдерістер елдің демографиялық құрылымына, инфрақұрылымдық жоспарлауға және өңірлік даму стратегияларына айтарлықтай әсерін тигізеді. Соңғы 15 жылда (2009—2024 жж.) Қазақстанда ішкі көші-қонның тұрақты өсуі

дарын жұмсартуға бағытталған шараларды қолға алғанымен, бұл бағытта ұзақмерзімді жүйелі басқару тетіктері әлі де жеткіліксіз. Соның салдарынан, ірі қалаларда урбанистік жүктеме артып, мегаполистерде тіркеуді қатаңдату немесе қоныс аударушыларды шектеу сияқты шараларды талқылау күшейе түсуде.

Бұрын сыртқы эмиграцияға көбірек бейім болған славян этностары соңғы жылдары ішкі көші-қон белсенділігінің артуын көрсетуде. Мәселен, 2009 жылы орыс этносының ішкі қоныс аударулары 80 мың адамды құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 180 мыңға жеткен.



Көші-қон үдерістерін жүйелі мониторингтеп, халықтың жас-этникалық құрылымы мен білім деңгейін ескере отырып, көші-қон ағындарын тұрақты бақылау механизмін енгізу. Сонымен қатар тұрақты социологиялық зерттеулер жүргізу.

Аталған үрдіс украиндар, белорусар және немістер арасында да байқалады. Жалпы алғанда, 2000—2024 жылдар аралығындағы ішкі республикалық көші-қон айналымында өңіраралық

қоныс аударулардың үлесі шамамен 66%-ды, ал облыс ішіндегі қоныс аударулар 34%-ды құрады.

Сонымен қатар славян этностары арасындағы сыртқы көші-қонның айтарлықтай көлемі (шамамен 1,6—1,8 миллион адам) экономикалық жағдайлар мен бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайта қоныс аударуға байланысты болды. Қазіргі кезеңде ішкі көші-қонның басты ынталандырушы факторлары — жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндіктері және өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылыс.

Әдетте, бұған дейін төмен мобильділік танытқан мен ерекшеленген азиялық этникалық топтар (өзбектер, ұйғырлар, дүнгендер, тәжіктер және күрдтер) бүгінде айтарлықтай

ықшам этникалық аймақтардың пайда болуымен қатар жүреді. Мұндай «қауымдас-тықтарда» мешіттер, дүкендер, демалыс орындары және қоғамдық тамақтану нысандары сияқты мәдени ортаға бейімделген қызмет түрлері дамып келеді.

Дегенмен ішкі көші-қонда да қауіптер жоқ емес. Атап айтсақ, оңтүстік өңірлерде халықтың табиғи өсімі жоғары қарқынмен сақталып отыр, ал солтүстік пен шығыс аймақтарда халық санының азаюы және демографиялық құрылымның қартаюы байқалуда.

Сондай-ақ негізгі көші-қон тобы болып саналатын жастар (20—39 жас) жиі тіркеудің жоқтығына байланысты білім, медицина және мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуде қиындықтарға тап болады. Әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар қоныс аударушылармен жергілікті тұрғындар арасындағы әлеуметтік қашықтықтың артуына әкелуі мүмкін. Алматы мен Астананың білім миграциясының негізгі орталықтарына айналуы аталған мегаполистердің әлеуметтік және инфрақұрылымдық жүйелеріне айтарлықтай жүктеме түсіреді.

Миграциялық саясатты жетілдіруге бірнеше нұсқа ұсынамын. Көші-қон үдерістерін жүйелі мониторингтеп, халықтың жас-этникалық құрылымы мен білім деңгейін ескере отырып, көші-қон ағындарын тұрақты бақылау механизмін енгізу. Сонымен қатар тұрақты социологиялық зерттеулер жүргізу. Ең мобильді топ болып саналатын жастарға басымдық бере отырып, көші-қонның себептері мен салдарын зерделеу. Бірыңғай ақпараттық платформа құру. Бұл платформа ЖСН, Мемлекеттік тізілім, БЖЗҚ, білім беру және жұмыспен қамту жүйелері сияқты негізгі мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланып, көші-қон процестерін кешенді түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Ішкі көші-қон — бұл тек демографиялық үдеріс ғана емес. Ол өңірлік дамудың, әлеуметтік тұрақтылықтың және инфрақұрылымдық жоспарлаудың маңызды факторына айналып отыр. Ішкі көші-қонның этникалық келбеті мен ерекшеліктерінің өзгеруін ескере отырып, бұл үдерісті өңірлік даму стратегиялары және әлеуметтік-экономикалық саясатпен тиімді үйлестіру аса маңызды. Сонымен қатар тек жүйелі және алдын ала ойластырылған көзқарас ғана ішкі көші-қонды тұрақты қалыптастырудың басты ресурсына айналдыра алады.

**Дінмұхаммед
ӘЗІМБАЙҰЛЫ,**

э.ғ.к., профессор,

Қолданбалы этносаяси
зерттеулер институты



араласа бастады. Бесіншіден, соңғы екі жылда Қазақстанға иммиграция көлемі артты. Бұл үрдіс, бір жағынан, ТМД елдерінен, Қытайдан және Моңғолиядан этникалық қазақтардың оралуымен (репатриация), екінші жағынан, еңбек мигранттары ағынымен байланысты. Иммигранттар үшін негізгі тартылыс орталықтары — мегаполистер (Астана, Алматы, Шымкент) және Алматы мен Маңғыстау облыстары. Сонымен бірге, көршілес елдерден келген азаматтардың (өзбектер, тәжіктер және тағы басқалар) ағыны да өсіп отыр. Қазіргі жағдайда бұл үдеріс тұрақтылығын сақтап тұр, алайда алдағы 2—3 жылда әлеуметтік

байқалады. 2009 жылы көші-қон айналымы (келгендер мен кеткендердің жалпы саны) шамамен 800 мың адамды құраса, 2015 жылдан бастап бұл көрсеткіш тұрақты түрде 1 миллионнан асып отыр. 2024 жылы ресми тіркелген қоныс аударулар саны 3 миллионға жетті. Тіркеусіз орын алатын бейресми көші-қонды ескерсек, шыннайы көрсеткіш жыл сайын 3,5—4 миллион адамға дейін жетуі мүмкін. Бұл — ел халқының шамамен 17%-ы өз тұрғылықты жерін жыл сайын ауыстырады деген сөз.

Алайда бұл үдерістердің бақылаусыз әрі реттелмеген сипаты алаңдаушылық тудырады. Мемлекет көші-қон сал-

ЖАҢАН САРАП

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Шынында, бейбіт пен бітімде өмір сүріп, тыныштық, тұрақтылық пен тату көршілікте өркендеу үшін Арменияның түркі әлемімен достасудан, елдесуден және бітісуден басқа амалы жоқ. Географиялық орналасуының өзі одан соны талап етеді. Солтүстігіндегі шағын Грузияны айтпағанда, Армения шығысында — Әзербайжанмен, батысында — Түркиямен, оңтүстік-батысында Әзербайжанның эксклавы — Нахичеван Автономды Республикасымен шектеседі.

Әрине, оңтүстігінде Иранмен ортақ шекарасы бар. Алайда Шығыс Әзербайжан (Остан-э Азербайджан-э Шарки) және Ардебиль аталатын Иран Ислам Республикасының Армениямен жапсарлас өңірлерінде де негізінен түркітілдес халықтар тұрады. Ендеше Жаратқан Ие, тарих тағылымы армяндардан түркі әлемімен жарастықта өмір сүруді талап етеді. Арменияның қазіргі білікті, тәжірибелі көшбасшысы Никол Пашинянның осы ұғымға, ақылға келе алғаны қуантады.

— Бүгінде Түркия — біздің өңірімізде бейбітшілік орната алатын, Баку мен Ереванның жаңа эскалацияға бармауына шынайы ықпал ететін жалғыз күш. Армения басшылығы мұны түсінеді және Анкараға қарай қадам жасауды жалғастырды. Таулы Қарабақ үшін соғыста жеңіліп қалған сон Армения кек сақтамай, Түркиямен қатынастарын қалыпқа келтіру бағдарын таңдады. Бұрын соған жол бермей, арандатумен айналысқан сыртқы күштер кері шегінді, өйткені олар «байтал түгіл бас қайғы» жағдайда, — дейді Оңтүстік Кавказдағы қақтығыстар бойынша сарапшы Олесья Вартанян (Olesya Vartanyan).

Премьер-министр Никол Пашинянның Түркияға алғашқы сапары символдық мәнге ие. Тараптар оның қорытындысында қандай да бір құжаттарға қол қойылуын күтпеді. Бірін-бірі «ата жау» санап келген екі ел арасындағы тұңғыш сапардың өзі құнды, тарихи оқиға. Түрік лидері Реджеп Тайып Ердоғанның шақыруына лып етіп, тез келісе кету, жұмыс кестесіндегі өзге шараларды ысырып, жедел аттану арқылы Пашинян диалогті жалғастыруға дайын екенін паш етті.

О.Вартанянның пайымдауынша, небәрі 3 млн 76,2 мың (2025 жылғы қаңтардағы статистика) тұрғыны бар Арменияға Әзербайжанмен жаңа қарулы қақтығыстың қажеті жоқ. Себебі Ресейден қару жеткізілімі тоқтаған, тіпті РФ әскери контингентінің бір бөлігі Украинаға шығарып әкетілген жағдайда Ереван Бакуден онбай жеңілуі, біраз территориясынан айырылуы және өңірдегі көлік жүйесіндегі транзиттік басты «құретамырлар» Әзербайжанның қолына көшуі мүмкін.

Халықаралық сарапшылар Ердоғанның Пашинянды Долмабахчеде қабылдауынан рәміздік белгіні байқады: Босфор жағасындағы тарихи сарай Украинадағы қақтығыс бойынша Киев пен Мәскеудің келіссөздерінен бастап, Сирияның жаңа басшылығымен алғашқы байланыс сияқты өңірдегі басты бітімгершілік бастамалар талқыланатын танымал орынға айналды. Мұнда армян лидері өңірдегі Түркияның қарқынды артқан рөліне мойынсұнғанға ұқсайды.

Берлиндік «Карнеги орталығы» сарапшыларының пікірінше, израильдік, батыстық, түркиялық заманауи қару-жарақпен және әскери техникамен мұздай қару-

Әлемнің елең еткізер халықаралық бір оқиғасы Арменияның Түркиямен қатынастарының жақсаруы болды. Сарапшылар Ереванның түркі әлемінің ықпал аймағына тартылуына қолдау білдірді. Премьер-министр Никол Пашинян түрік әріптесімен бірнеше кездесу өткізіп үлгерді. Содан кейін тарихта тұңғыш рет армян көшбасшысының Ыстанбұлға ресми сапары ұйымдастырылды. Ердоған мырза Пашинянды осман сұлтандарының тарихи резиденциясында — Долмабахче сарайында сән-салтанатпен, құрмет-қошеметпен қарсы алды.

БІТІМ БАҚУАТТЫ ӨМІРГЕ БАСТАЙДЫ



ланған Әзербайжан әскері жаңа тайтастан еш тайынбайды. Оның қорытындысында Баку Әзербайжаннан оның Нахичеван республикасын ажыратқан, сөйтіп елді екіге бөліп жатқан армянылық жерлерді өзіне қосып ала алар еді.

Бұл жоспарды қару күшімен жүзеге асыруға Анкара ғана кедергі бола алады. Түркия екі елдің территориялық дауы қарулы шиеленіс тудырмауы үшін Әзербайжанның аумақтарын қосатын Зангезур дәлізін салып, басқару жөнінде Америкаға ұсыныс жасады. Панама арнасының құрылысынан бері АҚШ бұл тұрғыда мол тәжірибе жинады.

Вашингтон өзіне тарихи, геосаяси және экономикалық дивиденд әкелетін бұл бастаманы құп алған. Осы апта соңында, 24 шілдеде әлемдік ақпарат құралдары Армения, Әзербайжан мен Құрама Штаттар «Трамп көпірі» көлік дәлізін құру жөнінде өзара түсіністік меморандумын бекіткенін жарыса жазды.

Испандық Periodista Digital басылымы тиісті құжатқа сілтеме жасап хабарлағандай, бұл меморандум Арменияның Әзербайжанды екіге бөліп жатқан Сюник облысы арқылы ұзындығы 42 шақырымдық көлік дәлізі жобасын жүзеге асыруды қарастырады. Сөз болып отырған Зангезур коридоры — Әзербайжанның батыс аудандарын оның эксклавы Нахичеван Автономды Республикасымен қосып, жолаушылар мен жүк тасымалын жолға қоятын логистикалық бағыт.

чеванға тұрғындар тек ұшақпен немесе Иран аумағы арқылы ғана бара алады.

Түркияның және Американың арағайындығымен бұл ұзақ жылғы жанжал да бейбіт жолмен шешілетін сынайлы. Әзербайжан Арменияның аумағындағы Зангезур дәлізімен байланыстырылатын инфрақұрылымның өз жеріндегі бөлігінің құрылысына кірісіп те кетті. Бірақ армян тарапы да, америкалықтар да әзірге дәліздің құрылысын бастаған жоқ. Десек те, іс ілгері жылжығандай.

Премьер Никол Пашинян Баку түсінігіндегідей Зангезур дәлізі

болмайтынын, оның орнына «Бейбітшілік қиылысы» аталатын жоба іске асылатынын жариялады. Оның егжей-тегжейі әзірге белгісіз. АҚШ-тың Түркиядағы елшісі Том Баррак Зангезур дәлізін Американың 100 жылға жалға алуға дайын екенін мәлімдеді. Ал армян премьерінің баспасөз хатшысы Назели Багдасарян Арменияның өз жерін үшінші тарапқа беруі тіпті талқыландырып отыр.

Бірақ Пашинян бұл жобадан мүлдем бас тартпайды, өз мүдделеріне сәйкес келетін нұсқасын іздейді. Армян басылымдарының жазуынша, Ереван бес жыл бұрынғы оқиғаның қайталанғанын қаламайды. 2020 жылғы Таулы Қарабақ үшін соғыста Түркия Әзербайжанның Қарулы күштерін заманауи қаһарлы қарулармен жарактандырып қана қоймай, бұл қақтығысқа араласудан Мәскеуді тежей алды.

Егер әзербайжан-армян шиеленісіне Қарабақта орналасқан ресейлік бітімгершілер араласса, онда Анкара түрік әскерін көмекке жіберуге мәжбүр болатынын қатаң ескерткен. Нәтижесінде, ресейлік бітімгершілік контингент аннексияланған әзербайжандық Таулы Қарабаққа әзербайжан әскерінің ентелей енгенін алыстан бақылаумен шектелді.

«2020 жылдың сол күзгі күндерінде Армения астанасының жанында түріктің әскери ұшақтары мен дрондары самсап ұшып жүрді. Олар Еревандағы шешім қабылдайтын орталықтарды бомбалай

ма, жоқ па, бұл туралы армян шенеуніктері бейхабар болды, қатты саскалақтады. Себебі Түркияның тікелей араласу қаупін төмендету, ең құрыса оның салдарын азайту үшін Анкарамен арада қарапайым байланыс арналары да болмады. Оның бәрі Мәскеу арқылы жүзеге асырылушы еді. Армян билігі турамағынасында Түркиядан теріс айналып, оны елемейтін бұрынғы саясаттың құрбаны бола жаздады. Содан сабақ алған Ереван енді Анкарамен тікелей байланыс орнатуға барын салады», — дейді сарапшы Олесья Вартанян.

Бұл тұрғыда Пашинянға Арменияның бұрынғы лидерлерінен ауыр мұра қалды. Мәскеуге арқа сүйеген армян дипломатиясы Ереванның Бакумен келіссөздеріне Анкараның араласуы мүмкіндігіне үнемі тосқауыл қоюмен келді. Анонимді түрде армян шенеуніктерінің бірі мойындағандай, мұның ақыры Түркияның толығымен Әзербайжан жағына шығуына соқтырды. Арағайын болғысы келген Анкараға әділдікті қару күшімен қалпына келтіруді мақсат еткен Бакуді қолдаудан басқа амал қалмаған.

Сондықтан 2020 жылғы күзгі соғыстан кейін армян билігі Түркиямен қарым-қатынастарды жолға қоюды сыртқы саясатының басымдығы ретінде белгіледі. Оның бұл ниетін Батыс елдері қолдады. Бір жыл өткенде Армения мен Түркияның арнайы өкілдерінің тұңғыш кездесуі өтті. Содан бері Ереван татуласуға қарай тоқтаусыз жылжуға барынша мүдделі екенін әрдайым паш етіп келеді.

Мысалы, 53 537 адамды опат қылып, тағы 107 213 адамды баспанасыз қалдырған Түркиядағы, 2023 жылдың ақпанындағы зұлмат зіл-заладан кейін Армения бірінші болып, оған гуманитарлық көмек жіберді. Бір жыл бұрын Армения Анкараның сұрауымен Палестинаның тәуелсіздігін мойындады. Мұның сыртында Пашинян өз еліндегі «қырғи» күштерді «жеріміздің үлкен бөлігі қазіргі Түркия құрамында қалды деп келетін тарихи Армения туралы аңыздан» артылуға, Түркия аумағындағы Арарат тауына аңсай телміруді тоқтатуға үндеп жүр.

Оның орнына Пашинян төл кабинетінің төріне рәміз ретінде Кавказ жотасының тағы бір ірі, сөнген жанартауын — Армения аумағындағы Арагац тауының бейнесін іліп қойды. Бұл да қазіргі армян басшысының көрегендігі, сарабалдығы болса керек. Әзербайжанның «екпіні мен тепкініне» қарсы тұра алмаған Армения алып Түркиямен жер дауын мүлдем енсере алмайды. Ереванның басты мақсаты — халықаралық қоғамдастық ресми мойындаған қазіргі шекараларын сақтап қалу.

Енді, міне тараптардың татуласу процесі Долмабахчедегі екі ел лидерінің тарихи кездесуіне дейін көтеріліп отыр. Тағы бір қызықты дерек: кейінгі бірнеше апта бойы армян Үкіметінің басшысы (ел лидері) Никол Пашинян қасына запыбын ертіп, елді аралап жүр. Соның барысында жұртшылықпен жақын кездескен ол Арменияның бақытты болашағы — көрші елдермен байырғы тайталас тарихынан бас тартуда және олармен серіктестік қатынастар орнатуда екеніне үгіттейді. Жан-жағынан қоршаған түркі әлемімен тату болса, Армения тоқ, тыныш, тұрақты болары сөзсіз.

Айхан ШӘРІП

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



ЭКРАН



ЖАҚЫНДА ГРУЗИЯДА ҮНДІНІҢ ӘЙГІЛІ КАССАЛЫҚ ФИЛЬМІ - «АКХАНДА» КИНОСЫНЫҢ ЕКІНШІ БӨЛІМІ ТҮСІРІЛДІ. ЭКШН-ДРАМА ЖАНРЫНДАҒЫ ТУЫНДЫҒА АТЫРАУДАН БІР ТОП ЖІГІТ БАРЫП, ТҮСІРІЛІМГЕ ҚАТЫСЫП КЕЛДІ. ЕРЕКШЕ ЖАНРДАҒЫ ФИЛЬМГЕ ТҮСКЕН ӘУЕСҚОЙ АКТЕРЛАРДЫҢ БІРІ АҚЫЛБЕК МАГДАНОВ БІЗГЕ КИНОҒА АПАРҒАН ЖОЛЫ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРДІ.

Ақылбек МАГДАНОВ,
актер:

Әлемдік КИНОҒА ТҮСЕМІН ДЕП ОЙЛАМАДЫМ

— Ақылбек, құтты болсын! Айтыңызшы, үнді фильміне қалай шақырту алдыңыз?

— Қазіргі мамандығымның негізі киноға еш қатысы жоқ. Мен — дизайнермін. Әрі фитнес бапкері ретінде спортқа жақындығым да бар. Әлемдік киноға түсемін деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмеген екен. Ойламаған жерден танысым бұл фильмге кастинг жарияланғанын әлеуметтік желі арқылы көріп, маған хабарлама жіберген болатын. Көп ойланбай, кастинг директорымен сөйлесіп, талаптарын естідім. Ұзын бойлы, азиат жігіттердің керек екенін айтты.

Оқырманға түсінікті болу үшін айта кетейін, бірнеше атыраулық жігіт түскен «Акханда» — үнді киноиндустриясының заманауи экшн-драма жанрындағы жарқын туынды. Режиссер Бояпати Срину мен актер Нандамури Балакришна шығармашылық тандемі көрерменге тек күш пен қарсылықты емес, рухани қуатты, әділет жолындағы күресті де ұсынады.

Фильмнің сюжеті екі түрлі кейіпкерге негізделген — бірі қоғам үшін күресіп жүрген қарапайым адам болса, екіншісі — құпия мистикалық күшке ие, «Акханда» деп танылған тұлға. Бұл қос рөлді бір актер — Нандамури Балакришна тамаша сомдайды. Оқиға желісі әділет үшін күресті, отбасы мен қоғам алдындағы борышты және рухани сенімді біріктіреді. Үндістанда үлкен танымалдылыққа ие болған экшн-драманың бір бөлігі болғаныма қуанамын.

— Бұған дейін актерлікпен айналыспағаныңызға қарамастан, бұл жобаға қалай таңдалдыңыз?

— Бұрын-соңды арнайы киноларға түспегеніммен, бұған дейін телевизиялық бағдарламалардың сюжеттеріне, қысқа метражды роликтерге, ютуб жобалардың түсіріліміне қатысып, белгілі бір деңгейде тәжірибе жинақтағаным бар. Қазір де өзім фитнес бапкері ретінде instagram парақшамда блог жүргізіп, түрлі видео түсіріп жүрмін. Бәлкім, камера алдында ұялмайтындығымнан шығар, кастинг директоры «Біздің талаптарымызға келіссеніз, жүріңіз» деді.

— Кастинг процесі қалай өтті? Қандай қиындықтар болды?

— Мен сөйлескен күні кастингтің оффлайн форматы аяқталып қапты. Бұл жерде басты немесе қосымша рөл емес, массовка болғандықтан әлі де адам қажет екенін айтқан-тұғын. Түсірілім тобы уақыт тығыз болғандықтан, актер қабылдау онлайн форматта жалғасып жатқанын айтты, өз фотомды жіберіп, азиат келбетіммен кастингтен өтіп кеттім.

— Түсірілім алаңында жұмыс істеу қандай әсер қалдырды?

— Боллууд — мүлдем бөлек әлем. Фантастика. Әлеуметтік желі арқылы немесе көзбен көріп жүрген қазақ фильмдерінің түсірілімдерінен ерекшелігі бар. Қазақстандық киноларда бауырмашылық десем ба екен... съёмка алаңында оператор, крафт, костюмер секілді қызметтерге бөлінгенмен, көп жағдайда бір-біріне көмек беріп, жұмыстарын өзара істеп кете береді. Ал ол жақта костюмер тек костюмдерге ғана, визажист — әрлендіруге, оператор камераға ғана жауап береді. Яғни, әркім өз жұмысымен айналысады. Өзге тірліктерге араласпайды. Бұл — қатаң тәртіп. Және түсірілім камералары, жабдықтары да өте қымбат дүниелер.

Бұл фильмде Атыраудан барған жігіттер әскерилердің рөлін сомдады. Қазір жаз мезгілі болғанымен, тау-тастың ортасындағы Грузияның қара суық табиғатына төтеп беру де оңай болмады.

— Түсірілім тобы мен әріптестеріңіз сізді қалай қарсы алды?

— Ұшып бармасак та ұшақпен, қарсы алды жылы құшақпен. Грузия елі, Гудаури қаласындағы таулы мекеннің қонақүйіне орналасып. Түсірілім тобы, оның ішінде біздің қауіпсіздігімізге жауапты адамдар алдағы съёмканың қалай өтетінін, қауіпті сахналар кезінде өзімізді қалай ұстап, сақтану керектігін түсіндірді. Актерлардан бөлек, каскадерлардың қауіпті де қызықты жұмыстарына куә болдық.

— Рөлге ену үшін қандай дайындықтар жасадыңыз? Мүмкін арнайы жаттығулар немесе репетициялар болған шығар?

— Бастапқы екі күн бізді түсірілім алаңымен, қауіпсіз және

қауіпті аймақтармен таныстырды. Түсірілімге дайындық сол сәттен басталды. Рөлге ену жағына келетін болсам, жоғарыда айтқанымдай, бастапқыда мен жай ғана массовка құрамында болдым. Көппен бірге арнайы айтылған тапсырмаларды орындап жүрдім. Түсірілім ортасында эпизодтарға түсетін мүмкіндік пайда болды. Режиссер монтаж кезінде қиып тастамаса, кинодан екі-үш кадрдан мені анық көре аласыздар.

мал дүниенің бірі — олар денесіне арнайы пілдің майын жағады. Біз үшін басында таңсық иіс болғанымен, кейін үйренісіп кеттік. Олардың май жағуының өзіндік дінге байланысты түсінігі бар. Ислам дінін ұстанатын мұсылман үнді бауырларымызбен жақын араласып та кеттік.

— Қандай ерекше әсермен бөлісер едіңіз?

— Біріншіден, табиғатты айтқайын. Жан-жағымызды тау

бойынша орындалуы. Басты рөлдегі актер Нандамури Балакришна бізге таныс емес болғанымен, өз елінде атағы дүркіреп тұрған мықты әртіс екен. Оны түсірілім барысында да мойындатты. Образға тез енеді және екі-үш дубльмен-ақ сахнаны аяқтайды.

— Бұл жоба сіздің өміріңізге қандай өзгеріс әкелді?

— Көп ешкімді құлаққағыс қылмай, Грузияға кетіп қалғандықтан таныстарым, достарым мені «машина алуға кетті» деп ойлаған екен. Түсірілім барысындағы образдармен түскен сурет, видеоларымды әлеуметтік желідегі парақшамнан көргеннен кейін ғана кейбіреулері таңданысын жасырмады. Қолдау білдіріп, сәттілік тілеген достарым да болды. Жеке өзімде өзгеріс кинодан елге келгеннен кейін болды. Біріншіден, алғаш рет шетелге шығуым және ол киноға түскен күндерім — өз өмірімде ерекше оқиға болып, тарихта қалды.

Екіншіден, әлемдік тілдердің бірі — ағылшын тілінің шетелде аса қажетін, деңгейімді көтеру керектігін түсіндім. Үшіншіден, грузиялық және үнді достарымның пайда болуы, әлі күнге дейін хабар алмасып тұрамыз. Киноға түсу деген құлшыныс артты.

— Бұл тәжірибеден кейін актерлік жолды жалғастыру ойыңызда бар ма?

— Әрине, өйткені, кино — бөлек әлем. Бұл да бір қабілет, бір мамандық. Елге келгені сол ойдан, яғни жалғастыратын ойдан әлі де арыла алмай жүрмін.

— Болашақта тағы фильмдерге түсуге ұсыныс түссе, келісер ме едіңіз?

— Неге келіспеске? Егер келбетім, дене пішімім режиссер ойлаған образға сәйкес келіп тұрса, әрі рөлдерім моральдық құндылықтарға қайшы келмесе, кино әлемінде өзімді байқауға әзірмін.

— Қандай рөлдерді сомдағыңыз келеді?

Басты рөлге түсу — әрине әр актердің мақсаты. Бірақ мен өзімді жағымсыз кейіпкердің рөлінде көргім келеді. Әзілдейтінім болғанымен комедияға әзір түскім келмейді. Романтикалық рөл, драма болса, бағымды сынап көруге дайынмын.

— Сізге сенім білдірген жандарға не айтқыңыз келеді?


— Әрине, тек алғыс. Әлемдік кинодағы кішкене қадамыма сенім білдірген, қолдаған барлық жанға рақмет айтқым келеді. Үлкен экраннан мені көру бұйырсын.

— Үнді фильміне түсу — бір арманның орындалуы ма?

— Киноға түсу арман болғанымен, үнді киносына ойламаған жерден түсу бұл енді ерекше жағдай болды. Арманның ойламаған жерден артығымен орындалуы десем де болады. Айта кетейін, бұл блокбастер «Акханда» фильмі — Үндістанда танымал фильм. Біз блокбастердің екінші бөліміне түстік. Көп ұзамай үнді кино-театрларында көрсетіп те қалар.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚ



— Түсірілімде тілдік кедергілер болды ма? Үнді тілін үйренуге тура келді ме?

— Түсірілім Грузия елінде болған соң бізге жауапты мамандармен орыс тілінде сөйлестік, жалпы үнділер ағылшын тілінде сөйлейді. Үш аптадан аса сол жерде болған соң, грузин тілін де үйреніп, ағылшын тілінде де сөйлесе бердік. Қазақ, орыс, грузин, ағылшын, яғни төрт тілде араласып сөйлей бергендіктен шығар, кейде қазақ бауырымызбен де орысша сөйлесіп кеткенімізді байқамай қалатынымыз.

— Үнді мәдениеті мен өмір салты сізді несімен таңғалдырды?

— Студент кезімнен де үнді ортасымен таныспын. Көпке таны-

қоршаған, бір шетімізде кішкене таудан бұлақ ағып жатса, екінші шетімізде шағын өзен суы бар. Естуімізше, жердің қалыпты осінен 4 шақырым биіктікте болған екенбіз. Күн сәл кеш шығып, ерте батады. Таңғы салқын ауа ұйқыңды тез ашады. Екіншіден, сахналардың өз уақытымен нақты жоспар

Қазақстанда жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам қоқыс шығарылады. Алайда оның небәрі 25 пайызы ғана сұрыпталып, қайта өңдеуге жіберіледі. Сарапшылар 2050 жылға қарай дүниежүзіндегі қоқыс көлемі 3,4 миллиард тоннаға дейін артуы мүмкін екенін айтады.



ШАҒАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕТБҰРЫС

Бүгінде қоқыс мәселесі екі миллионнан аса тұрғыны бар мегаполис — Алматыда да өзекті. Жыл сайын мыңдаған тонна қалдық шығаратын өндіріс орындары мен кәсіпорын көптеп орналасқан шаһарда қоқыс мәселесі күн тәртібінде тұр. Десек те, қалада түйткілді шешуге бағытталған бірқатар экологиялық жоба жүзеге асып келеді. Соның бірі FABRIQA деп аталады. Осындай бастамалардың арқасында таяуда шаһар тұрғындары 108 тонна киімді қайта өңдеуге тапсырған.

Қазір экологиялық жоба авторы Денис Лекомцев тоқыма қалдықтарды өңдеп, тұрмыстық кәдеге жаратумен айналысады. Қайта өңделген киімнен үй мен кенсеге арналған сәндік жастықтар, автосервис пен өндіріс орындарына арналған шүберектер және тағы басқа бұйымдар жасалады. Одан бөлек, жоба авторы алғашқы сұрыптаудан кейін кейбір киімдер қайырымдылық қорларына табысталатынын атап өтті.

— Қазақстан бойынша жыл сайын шамамен 200 000 тонна тоқыма қалдықтары пайда болады. Бұл 720 000 тонна СО₂-экв., яғни 2 млн литр бензин жанғандағы шығарындылармен тең.

FABRIQA осы қалдықтарды полигонға түспей, пайдалы айналымға бағыттап, шығарындыларды азайтып, бастапқы ресурстарды үнемдейді. Біздің жобамыз тоқыма қалдықтарын жою үшін ғана емес, оларды сұранысқа ие өнімге айналдыру мақсатында іске қосылды. Бұл идея тоқыма қалдығын пайдаға жарату, ресурсты үнемдеу әрі адамдарға жаңа өнім ұсыну ниетінен туды, — деді Д.Лекомцев.

Жоба өз жұмысын 2025 жылдың ақпан айынан бастаса, сол уақыттан бері 108 тонна тоқыма қалдығы жиналған. Қазір қала бойынша 23 киім қабылдайтын жәшік орнатылған. Олар қала орталығында тұрғындар тығыз шоғырланған Бостандық және Әуезов ауданында орналасқан. Денис Лекомцев қоқыс мәселесіне келгенде қоғамдық пікірдің өзгеріп келе жатқанын айтады. Себебі жәшіктер бірер сағаттың ішінде толып қалатын көрінеді.

— Енді ескі киімді қайта өңдеуге тапсыру — қайырымдылық емес, қарапайым қалалық қызмет. Екі айдың ішінде әлеуметтік желілерде 1 миллионнан астам қаралым мен 22 мың жазылушы жиналды. Бұл қоғамда экология-

лық жауапкершіліктің артқанын көрсетеді, — деді ол.

Қала тұрғыны Назым Сапар биыл көктем айларынан бері ескі киімдерін қайта өңдеуге өткізуді әдетке айналдырған. Ол жаңадан киім сатып алар алдында бағасынан гөрі сапаға мән беретінін, себебі киімнің ұзаққа дейін киілуі маңызды екенін айтады.

— Мен үшін ескірген киімнің қайта өңдеуден өтіп, адамдардың қажетіне жарағаны маңыздырақ. Киімді өртеп ауаны ластағаннан гөрі, оған «екінші өмір» сыйлаған әлдеқайда тиімді шешім деп ойлаймын. Қайта өңдеуден өткен өнімдердің арасынан сапасы сақталған киімдерді балалар үйіне жіберетінін білемін.

Бұрын әдемі киімдерді көрсем, барлығын сатып алғым келіп тұратын. Ал қазір тек базалық киімдерді аламын. Мен үшін киімнің сапалы әрі денеге ыңғайлы болуы маңызды. Бағасы қымбат болса да, киімнің сапасы ұзақ мерзімге дейін шыдай алатындай болуға тиіс. Шыны керек, өзім киімдерді жиі жаңартып, қайта-қайта ауыстыра бергенді ұнатпаймын, — деді Н.Сапар.

Экологиялық жоба механикалық қайта өңдеуді қолданады. Автордың сөзінше, процесс барысында химиялық еріткіштер, су немесе басқа да реагенттер пайдаланылмайды. Мұндай тәсіл зиянды шығарындылар мен ағынды судың пайда болуын алдын алады. Бұл экология үшін ен қауіпсіз әдіс саналады. Жоба авторлары келешекте жоба ауқымын кеңейтуді көздеп отыр.

— Қазір осындай экологиялық бастамаларды Астана мен Шымкент қаласында іске қосу туралы келіссөздер жүріліп жатыр. Одан өзге өңірлерде қайта өңдеу қуатын құру мүмкіндігін қарастырып отырмыз. Бұл логистикалық шығындарды азайтып, халықты тоқыма қалдықтарын сұрыптауға кенінен тартуға мүмкіндік береді. Тұрақты шешімдерге сұраныс артып келе жатқанын көріп отырмыз, сондықтан біздің міндетіміз — қайта өңдеуді еліміздің барлық ірі қалаларында қолжетімді ету, — деді бастама авторы.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ҚҰРДЫМҒА АПАРАР ҚҰМАРЛЫҚ

ҚР ІІМ дерегінше, биыл алғашқы алты айда 38 жасөспірім есірткі қылмысы бойынша ұсталған. Бұл — былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде келтірілген көрсеткіштен 40%-ға көп. Бүгінде нашақорлыққа қарсы күрес шаралары күшейіп келеді. Өйткені әлемде кейінгі 1 жыл ішінде көрсеткіш 20 пайызға артып, 300 миллионға жуық адам есірткіге тәуелді ретінде есепте тұр. Олардың дені жастар.



Есірткі құрамдас немесе психотроптық, оларға ұқсас заттарға тәуелділіктен организм аса ауыр және тұрақты тәндік, психикалық өзгеруге, бұзылыстарға ұшырап, кейде өлімге әкеледі. Жастардың есірткіге тәуелді болуының көптеген себебі бар. Ең алдымен, психологиялық және әлеуметтік факторлармен байланыстыруға болады. Кейбір адамдар стресс, депрессия немесе басқа психикалық аурулардан оңай құтылу үшін есірткіні пайдалана бастайды. Сонымен қатар әлеуметтік орта, отбасының ықпалы және экономикалық жағдайлар да нашақорлықтың таралуына ықпал етеді. Жастар арасындағы нашақорлық көбіне қызығушылықпен басталады.

Ішкі істер министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы бес айында есірткі қылмысына қарсы күрес аясында 4 тоннадан астам есірткі мен 15 тоннадан артық прекурсор тәркіленген. Осы уақыт аралығында 95 есірткі зертханасы әшкереленіп, оның ішінде біреуі трансұлттық сипатқа ие болған 18 қылмыстық топ жойылды. Одан бөлек, 14 мыңнан астам есірткіге қатысты интернет ресурсы мен 15 мыңға жуық банк картасы бұғатталып, құқық қорғау органдары ел экономикасын 1 млрд 230 млн теңгеден астам шығыннан сақтап қалды. «Нашақорлыққа жол жоқ» республикалық акциясы барысында еліміздің барлық аймағында 47 мыңға жуық есірткі жарнамасын таратқан граффити өшірілді. Аталған шара нәтижесінде 426 қылмыстық іс қозғалып, 36 күдікті қолға түсті.

Қоғамды алаңдатқан түйткілге қарсы шаралар жүзеге асырылып, нақты қадамдар жасалып жатыр. Соның бірі — Esirtkisiz QAZAQSTAN жобасы аясында ашылған есірткіге және есірткі қылмысына қарсы күресті күшейту мақсатындағы арнайы фронт-офис. Алматы қаласында ашылған фронт-офис тек ақпарат беретін орын ғана емес, нақты іс-шаралар жүзеге асырылатын, кешенді алдын алу жұмыстары жүргізілетін орталық. Яғни, қаладағы есірткі ахуалына тұрақты мониторинг жасалып, тиімді шешімдер әзірленеді. Жобаға жауапты мамандар интернеттегі вирусты есірткі контентін «Мерген» алгоритмі арқылы анықтап, бұғаттайтынын айтты. Айта кету керек, жана алгоритм жасанды интеллект арқылы жұмыс істейді. Нәтижесінде, 4 мыңнан астам есірткі тарататын Telegram каналы және басқа маркетплейстер не онлайн платформалар канал бұғатталды.

Қазір еліміз бойынша 76 медициналық мекеме мен аудандық ауруханаларда 212 психолог кабинеті жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар жыл сайын 30 психиатр мен нарколог арнайы даярлықтан өтсе, бүгінде 152 резидент мемлекеттік грант негізінде жоғары оқу орындарында оқып жатыр.

С.БЕГІМБАЙ



26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

ЭКОСАНА



ТАЗАЛЫҚ НАУҚАНЫ ТАЛАП ҮДЕСІНЕН ШЫҚТЫ



Мемлекет басшысының бастамасымен қарқын алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Сыр өңірінде ауқымды шаралар жүргізіліп жатыр. Оның ішінде санитарлық тазалықты сақтау, абаттандыру және тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында атқарылған жұмыстар аз емес.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Негізінен, өңірде бағдарлама шеңберінде бюджет қаражатымен қатар кәсіпкерлердің демеушілігімен қолға алынған шаруалар ұшан-теңіз. Бұл тұрғыда бір ғана облыс орталығындағы толайым тірліктерді тізбектеп шықсақ жетіп жатыр. Соның ішінде орталық алаңдар, саябақтар мен демалыс орындары, ойын және спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөнделуде.

Атап айтқанда, бүгінде Қызылорда қаласындағы Президент және Денсаулық саябақтарының

аумағы біртұтас кешен ретінде жаңғыртылуда. Аталмыш демалыс орындарының аумағына халық сұранысына сай автокөлік тұрағы салынып, гүлзарлармен көмкеріледі. Жалпы көлемі 64,5 гектар болатын бұл кешенде жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдары, ашық сахна, спорттық алаңдар, балалар ойын аймақтары, демалыс орындары мен көлеңкелі павильондар бой түзейді. Осылайша, қала тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға негіз қаланып отыр.

Қазір қалалық мәдениет және демалыс паркі қайта жаңғыртудан өтіп, жаңа келбетке ие болды. Саябаққа жаңа арка орнатылды. Бұрынғы «Сыр батырлары» ескерткіші Тағзым алаңына ауыстырылды. Сонымен қатар қоршаулар мен жүргіншілер жолы жаңартылып, 544 түп ағаш пен қылқан

жапырақты көшеттер отырғызылды. Сондай-ақ скейтпарк, воркаут алаңдары, балалар ойын аймақтары, фуд-корттар және ашық амфитеатр салынды.

Сонымен қатар қала орталығындағы Қорқыт ата мемориалды аллеясын қайта жаңғырту жұмыс-

тары да қарқын алды. Аллеяның жалпы аумағы 38 мың шаршы метрден асады. Мұнда халық шоғырланатын саялы орынға айналдыру мақсатында жасыл желек алаңы ұлғайтылды. Бұдан өзге, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Нақты кезеңде құрылыс және абаттандыру жұмыстарының 65 пайызы аяқталып тұр.

Облыс орталығында қарқын алған игі бастаманың бірі – Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы бойындағы Сырдария жағалауын абаттандыру және бекіту жұмыстарының маңызы зор. Бұл жоба аясында 6,7 шақырым жағалаудың тіреу қабырғалары нығайтылып, жол кеңейтілді. Жол сапасын арттыру мақсатында жаңадан асфальт төселді. Сонымен қатар Сырдария өзені бойындағы 1,4 шақырым қорғаныс бөгеті толық-



тай тазартылып, 1,4 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды. Сол сияқты бұрынғы екіжолалық жол төрт жолаққа ауыстырылып, ені 14 метрге дейін кеңейтілді.

Аталмыш аумаққа 8 балалар ойын алаңы мен спорттық құрал-жабдықтар орнатылып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне қолайлы жағдай жасалды. Жағалау аймағы абаттандырылып, серуендеуге қажетті инфрақұрылым орнатылды. Жол жиегі түрлі-түсті бояулармен көмкеріліп, ерекше сипатта безендірілді.

Сондай-ақ осы даңғылды жалғайтын Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін 2,9 шақырым жаңа жол құрылысы бастау алды. Бұл аумақта да өзен бойындағы қорғаныс бөгеті күшейтіліп, төртжолалық автожолмен қатар, ені 3 метрлік жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарланған.

Жалпы, Сыр өңірінде аталмыш бағдарлама аясындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру мақсатында «Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Қызылорда облысының өңірлік жоспары» бекітілген. Жоспарға сәйкес, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру бағытындағы 43 іс-шара қарастырылған.

Сонымен қатар «Үлгілі елді мекен» конкурсын ұйымдастыру, волонтерлік жобалар, бірқатар бастама мен шара өткізуге тиісті қаржы қарастырылған.

Негізінен, Сыр шаһарын көркейтіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарға халықтың көңілі тоқ. Соның нәтижесінде Қызылорда елімізге ең таза қала ретінде танылды.

ЖИЫН

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМ ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ

Жуырда Түркістан облысы Төлеби ауданының әсем табиғат аясында, «Алма Тау» демалыс аймағында Түркістан облысындағы үкіметтік емес ұйым өкілдеріне арналған кеңес-ауқымды облыстық тимбилдинг шарасы өтті. «Бір мақсат – бір қоғам – бір болашақ» ұранымен өткен екі күндік шараға облыстың барлық 17 аудан-қаласынан және өңір орталығынан 120-дан астам қатысушы жиналды. Қатысушылар құрамында ардагерлер ұйымы, әйелдер кеңесі, ақсақалдар алқасы, Ауған соғысы ардагерлері, жастар, еріктілер, журналистер мен түрлі YEҰ мүшелері қамтылды.

А Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

Іс-шара Түркістан облысындағы YEҰ арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты арттыру, қоғамдық сектордағы өзара тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыруды мақсаты етті. Сонымен қатар азаматтық қоғам өкілдерінің бірін-бірі жақсы танып, ортақ қоғамдық мүддеге жұмылуына, идеяларын ортаға салып, алдағы жұмыс бағытын пысықтауына мүмкіндік берілді.

Тимбилдингті Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының тапсырысы негізінде Құрмет Керімбеков басшылық ететін «Жалын» жастар ұйымы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Бұл бастаманы «Түркістан облысы Азаматтық альянсы», «Береке» ҚБ және

«Шаңырақ – жас отбасыларды қолдау» ҚБ бірлесе отырып, консорциум аясында жүзеге асырды. Іс-шараның ашылу салтанатында Қоғамдық даму басқармасының басшысы Ерлан Күзембаев сөз сөйлеп, жергілікті биліктің қоғамдық ұйымдармен әрдайым тығыз байланыста жұмыс істейтінін және қолдауға мүдделі екенін атап өтті.

«Бұл – тек демалыс пен ойынауық емес, бұл – азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған ауқымды әрі маңызды бастама. Облыстағы 100-ден аса YEҰ әлеуетін көтеруге арналған бұл жоба алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді басқарма басшысы.

Шара барысында еліміздің түрлі өңірінен келген сарапшылар мен салалық мамандар қатысушыларға арнап семинарлар мен тренингтер өткізді. Астана қаласынан

арнайы шақырылған YEҰ саласындағы сарапшы Марғұлан Ермағамбетұлы екі күн қатарынан азаматтардың қоғамдық бақылауға және шешім қабылдау процесіне қатысу тетіктері туралы семинар мен шеберлік сағатын ұйымдастырды. Қызылорда облысынан келген Азаматтық альянсының тәжірибелі өкілі Жанат Сапаржанова болса «YEҰ-дың ұйымдық дамуы және қаржы тұрақтылығы» тақырыбында өз білімін бөлісті. Ал заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдану бойынша Сағындық Жанысбаев Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары арқылы YEҰ-дың PR жұмыстарын жетілдіру жайында ауқымды шеберлік сағатын өткізді. Ол пост жазу, визуал қосу, аудиторияны тарту мен цифрлық маркетингтің құралдарын таныстырды.

Тимбилдинг аясында ұйымдастырылған TIMDICS пікірталас сессиясында YEҰ жетекшілері жергілікті билікке өз ұсыныс-пікірлерін ашық жеткізуге мүмкіндік алды. «Азаматтық Альянс» ЗТБ басшысы Инара Намазбаева «Билік пен YEҰ арасындағы өзара іс-қимыл» тақырыбын қозғады. «Жалын» жастар ұйымы төрағасы Құрмет Керімбеков мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың ашықтығы мен тиімділігі туралы пікірін ортаға салды. «Байтақ болашақ» РҚБ басшысы, табиғат жанашыры



Фани Назарбек экологиялық қозғалыстар мен «Таза Қазақстан» бастамасы туралы ой бөлісті.

Шара барысында қатысушылар командаларға бөлініп, бірқатар тимбилдинг ойынында бақ сынасты. Арнайы шақырылған Show Today компаниясы ұйымдастырған ойындар – шаңғы жарысы, доппен эстафета, күрделі пішіндер құрастыру сияқты қызықты тапсырмалардан тұрды. Барлық қатысушы белсенділік танытып, бір-біріне қолдау көрсетіп, ортақ мақсатқа жұмыла білді. Ұлттық ойындар да тыс қалмады: ләңгі тебу, арқан тарту сынды дәстүрлі жарыстар ерекше көңіл күй сыйлады.

Тимбилдинг сонында барлық қатысушы алған әсерлерімен бөлісіп, шараның маңызын жоғары бағалады. Ұйымдастырушылардың кәсіби дайындығы, бағдарламаның мазмұндылығы және спикерлердің біліктілігі қатысушылар тарапы-

нан зор ризашылыққа ие болды. Қатысушылар бұл шараның тек тәжірибе алаңы емес, азаматтық қоғамның жаңа серпілісіне жол ашқан нақты қадам екенін атап өтті. «Осындай шаралар бізге ынтымақтаса отырып жұмыс істеуге, ортақ мақсатқа бірігуге жол ашды. YEҰ-ға мемлекет тарапынан қолдау бар екені қуантады. Келесі жылы да осындай бастама жалғасын тапса деген тілегіміз бар», – деді қатысушылар.

Екі күндік тимбилдинг Түркістан облысындағы YEҰ арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, оларды жаңа серпінмен алға жетелейтін маңызды алаңға айналды. Қоғамдық ұйымдардың белсенділігі – ел дамуының қозғаушы күші. Сол себепті де осындай бастамалар жиі ұйымдастырылып, азаматтық қоғамның дамуына жаңа мүмкіндіктер ашыла бермек.

АЙМАҚ

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Биыл Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес «Жұмысшы мамандықтары жылы» атануы елде ондаған жылдардан бері елеусіз қалып келген еңбек адамдарының абыройын асқақтатып, мәртебесін өсіре түскені даусыз. Бұл тұрғыда сан түрлі мемлекеттік бағдарлама мен арнайы жобаның қабылдануы өз кезегінде жастардың жұмысшы мамандықтарға қарай ойысуына себепкер болған. Ақмола облысында да еңбек адамдарының еңсесін көтеруге бағытталған ондаған шара ұйымдастырылып, мемлекеттік саясаттың іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Әсіресе, жастардың аталған салаға қызығушылықтарының артуы, кәсіби өсуге ұмтылуы бүгінде қасқалдақтың қанынан қат болып қалған бірқатар жұмысшы мамандығының кеуіп қалған тамырына қан жүгірте ме деген үміт ұшқынын тұтатты...

Елдің ертеңгі болашағының мығым болуы үшін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында басты басымдықтардың бірі — техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге ерекше назар аударыла бастағаны сезіле бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен қолға алынған бұл сала жыл басынан бері аталған бағытқа тыннан түрен салғандай серпін берген. Президент 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, қоғамда еңбек адамына деген құрмет пен көзқарасты түбегейлі өзгертуді міндеттеп, құзырлы ведомстволар мен министрліктерге бағдарлама негізінде жоба-жоспарлардың іс жүзінде жүзеге асырылуын шегелеп тапсырған еді. Бұл еліміздің өндірістік әлеуетін арттыруға бағытталған стратегиялық шешім десек те артық айтпаспыз.

Осы тапсырмаларды орындау мақсатында биыл Ақмола облысы Щучинск қаласында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында республикалық слет ұйымдастырылды. Еліміздің барлық өңірінен 100-ден астам белсенді жастар жиналған іргелі шарада болашақ жұмысшы маманның жаңа бейнесін қалыптастыруға бағытталған пікірталас, тәжірибе, шеберлік сағаттары жастардың жігерлі ойы мен бұлқынған энергиясы үйлесіп, шабыт алаңына айналды.

ЕҢБЕК ПЕН БІЛІМГЕ МӘН БЕРУ ҚАЖЕТ

Еңбек адамдарының мәртебесін арттыруға бағытталған слеттің ашылу рәсіміне Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ақмола облысының әкімі

Ел мерейі - ЕҢБЕКПЕН

Марат Ахметжанов, Мәжіліс депутаты мен өзге де мемлекеттік орган өкілдері қатысты. Бұл Президент Жолдауындағы басымдықтардың нақты түрде іске асыруға назар аударылып жатқанын айқын көрсетеді. Премьер-Министрдің орынбасары да өз сөзінде жұмысшы мамандықтарына сұраныстың артып келе жатқанын, сондықтан еңбек адамдарына құрметті жоғарылату қажет екенін атап өтті.

— Ұзақ уақыт бойы жұмысшы кәсіптеріне қатысты қоғамда үстірт, стереотипті көзқарас қалыптасқан болатын. Бүгінде бұл түсінік өзгере бастады. Қазіргі жұмысшы — бұл жаңа технологияны меңгерген, индустриялық дамуға үлес қосатын, еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие маман. Сондықтан біз еңбекті қадірлеу дәстүрін жаңғыртып, жұмысшы мамандығына деген құрметті қайтаруымыз керек, — деді Ермек Көшербаев.

Расында, Жолдауда тайға таңба басқандай көрсетілген жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға бағытталған бұл жобаның Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасындағы қоғамдық әділеттілік пен әлеуметтік лифт тетіктерін дамыту міндеттерімен де үндесіп жатқанын айта кеткен жөн.

ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ — НАҚТЫ НӘТИЖЕ МЕН КӘСІБИ БОЛАШАҚ КЕПШІ

Іс-шара барысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев та елімізде жұмысшы мамандықтарын

көбейту мақсатында техникалық және кәсіптік білім берудің жаңа кезенге қадам басқанын тілге тиек етті. Министрдің мәліметінше, тек биылғы жылы 8 мыңнан астам кәсіби бағдар беруші маман даярланып, 352 бейіндік сыныптар ашылған. Сондай-ақ 1 300-ден астам мектеп оқушысы жұмысшы мамандықтарының алғашқы негіздерін меңгеруге мүмкіндік алған.

Мұнымен қоса, шефтік қамқорлықпен қамтылған кәсіпорындар саны 7 есеге, ал дуалды оқыту келісімшарттарының саны 2 есеге артқаны анықталды. Бұл Президент Жолдауы аясында қолға алынған кәсіптік бағдар берудің жаңа сапалық деңгейге шыққанын айғақтай түседі.

Министрліктің деректеріне сенсек, 185 колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, студенттердің 96 пайызы жатақханамен қамтамасыз етілген. Аталған мақсатқа былтырғы жылдың 1 қыркүйегінен бастап жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі екі есеге өсіп, бір студентке 437 мыңнан 912 мың теңгеге дейін жеткен.

— Тек диплом емес, нақты дағды мен кәсіби тәжірибе аса маңызды. Сол себепті біз халықаралық серіктестіктерге бет бұрып, Қытай, Франция, Жапония, Ұлыбритания, Грузия сияқты елдермен 10 бірдей



жоба бастадық. Алғаш рет колледждерде халықаралық сертификаттау жүйесі енгізілді, — деп атап өтті министр Ғани Бейсембаев.

Министрлік іс жүзінде қолға алынған бұл жобалар алдағы уақытта елдегі техникалық білімді экспортқа бейімдеу мен еңбек күші мобильдігін арттыруға жасалған тегеурінді қадам болмақ.

ЖАСТАР — ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӨЗЕГІ

Слетке қатысқан Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің 3-курс студенті Аяла Байболат ел сенімін ақтауға дайын екенін айтып, жауапкершілік жүгін толықтай сезінгенін жеткізді.

— Президентіміздің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы біздің еңбегімізге деген сенім мен жауапкершілік жүгін арттыра түсті. Бүгінде колледждер заманауи шеберханалармен, халықаралық тағылымдамалармен жабдықталып, нақты мүмкіндіктер беріп отыр. Бұл — болашаққа сеніммен қарауға мол мүмкіндік береді, — дейді Аяла Байболат.

ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ — ЕЛДІК МІНДЕТ

Слет барысында жастар мотивациялық кездесулерге, шеберлік сабақтарына, командалық тапсыр-

малар мен мәдени-спорттық бағдарламаларға қатысып, жан-жақты дамуға мүмкіндік алды. Мұндай алаңдар жастар саясатының, еңбек адамына бағытталған мемлекеттік идеологияның нақты іске асып жатқанын айғақтайды. Ресми деректерге жүгінсек, бүгінде елімізде 772 колледж бар, онда 550 мыңнан астам студент жұмысшы мамандықтары бойынша білім алуда. Бұл техникалық және кәсіптік білімнің ел дамуының негізіне айналып келе жатқанын білдірсе керек.

P. S.

Қалай десек те, қоғамда жылдар бойы елеусіз қалып келген нағыз еңбек адамдарына құрметтің артып келе жатқаны анық аңғарылады. Бұл орайда Президент Жолдауының маңызды басымдығы — еңбекке бас иіп, білім мен біліктілікке бет бұру екені анық. Сондықтан бұл бастаманың басты тірегі әрі локомотиві жастар болып қала бермек. Елдің еңсесін көтеретін әрі экономикалық тұрғыдан жылдам алға жылжуда мүмкіндік беретін стратегиялық маңызы аса зор бұл жобаларға ерекше назар аударылғаны артықтық етпейді...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялануы — еліміздегі еңбек мәдениетін дәріптеудің, адал маңдай терін төгіп жүрген азаматтардың қоғамдағы орнын айшықтаудың нақты көрінісі. Бұл жыл — он екі ай тынымсыз тер төгіп, атақ пен абыройға емес, өз ісіне деген шынайы құрмет пен жауапкершілікпен қарап жүрген жандарға жасалған зор тағзым.

Қарапайым қадарман

Осы бір ізгілікті ұстанымды өмірлік қағидасына айналдырған азаматтардың бірі — Мейірхан Қыдырбайұлы. Ол көпке көріне бермейтін, бірақ әрбір адамның амандығы мен өндіріс орындарының тұрақты жұмыс істеуіне тікелей ықпал ететін қауіпсіздік техникасы саласының білікті маманы. Күн сайын көзге көрінбейтін қауіптің алдын алып, әріптестерінің аман-есен жұмыс істеуіне жағдай жасап жүрген оның еңбегі шынайы ерлікпен пара-пар.

Мейірхан Қыдырбайұлы 1984 жылы 17 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданына қарасты Тассай ауылында дүниеге келген. Кеңпейіл қазақы ауылдың тыныс-тіршілігін бойына сіңіріп өскен ол бала жастан еңбекке ерте араласып, адалдықты түгетті. Бүгінде төрт баланың асқар таудай әкесі, отбасына қорған, қоғамға пайдалы азамат ретінде үлкендерге сыйлы, кейінгілерге үлгі.

Қазір біздің кейіпкеріміз Zeiner ЖШС-ында қауіпсіздік техникасы маманы болып қызмет атқарады. Қарапайым көрінгенімен, бұл аса үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Өйткені жұмыс орнындағы әрбір қыз-

меткердің денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі тікелей осы маманның біліктілігі мен мұқияттылығына байланысты. Мейірхан Қыдырбайұлы бұл міндетті кәсіби шеберлікпен, шын ниетпен, асқан ұқыптылықпен атқарып келеді.

Мейірхан ешқашан даңқ пен марапаттың соңынан қуған жан емес. Бірақ оның қатаң тәртіпке деген талапшылдығы, әріптестері мен басшылық алдындағы жауапкершілігі оның тұлғасын даралап, еңбегіне деген құрметті арттыра түсті. Ұжымдастары оны сабырлы, салмақты, сенімді маман ретінде сипаттайды. Ол — сөзімен емес, ісімен өнеге көрсетіп жүрген азамат.

Ол қауіпсіздік ережелерінің орындалуын қадағалау ғана емес, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау жолында үнемі сақтық шараларын жетілдіріп отырады. Көпшілік байқай бермейтін өндірістегі ұсақ-түйек қауіптердің алдын алу — Мейірхан үшін күнделікті міндет. Оның еңбегі үнсіз, бірақ өлшеусіз құнды.

Қоғамда көп айтылмайтын, бірақ іргетас болып қаланған еңбектер бар. Ондай еңбек иелері ешқандай мінберге шықпай-ақ

еліне, жеріне қалтқысыз қызмет етіп жүрген қарапайым жандар. Мейірхан Қыдырбайұлы сондай жандардың жарқын бейнесі. Елдің тыныштығы мен дамуы осындай бейбіт еңбекпен, жауапты жұмыспен қалыптасады. Қауіпсіздік техникасы — кәсіпорынның тыныс-тіршілігін реттейтін басты салалардың бірі. Ал сол салада кәсіби білігімен, адалдығымен танылған азаматтардың еңбегі қандай құрметке болса да лайық.

«Еңбек — елдің бақуаттылығының негізі» десек, сол еңбектің нағыз иесі адал жүректі, кәсібіне берілген жандар. Мейірхан Қыдырбайұлы — осындай адал да абзал азаматтардың бірі. Оның өнегелі өмірі мен еңбек жолы бүгінгі ұрпаққа үлгі, ертенге сенім. Біз ел үшін тынымсыз тер төгіп жүрген қарапайым еңбек адамдарын құрметтейміз. Өйткені олар мемлекеттің іргесін берік етіп тұрған мызғымас тіректер. Осындай азаматтарға бас иіп, алғыс білдіру — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Кенжеахметұлы

АРА



26.07.2025ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



Жақында салық комитетіне бардым. Мемлекеттік кәсіпорында істейтін қызметкерлер міндетті түрде тапқан табыстары мен мүліктері туралы декларация тапсыру керек екен. Оны электронды түрде компьютердің көмегімен толтырады. Бір жас қыздан көмек сұрадым.

— Қарындас, мына қағазды қалай толтырады?

— Мұның ешқандай қиындығы жоқ, міне бәрі көрсетіліп тұр, — деп компьютерге үңілді.

— Ағай, үйіңіз бар ма?

— Жоқ.

— Жеріңіз бар ма?

— Жоқ.

— Бизнесіңіз бар ма?

— Жоқ.

— Көлігіңіз бар ма?

— Жоқ.

— Банкте жинаған ақшаңыз бар ма?

— Жоқ, қайдан болсын? — дедім.

— Ағай, сізде түк жоқ қой, — деп күліп жіберді.

— Қарындас, күлмеңіз. Мемлекеттік

мекемеден жалақы

алатындар осындай

болады, — дедім.

Әлгі қыз аузын

ашып отырып

қалды...

Нұрлыбек
ЖҰБАТҚАН



ТОЙЫМСЫЗДЫҚ ТОРҒА ТЫҒАДЫ



Назира бұдан бұрын да төрт рет қылмыстық жауапкершілікке тартылған тәжірибелі тарлан еді. Соның ішінде үш рет ұрлығы, бір рет алаяқтығы жөнінде істі болған. Осыдан соң-ақ ол аяғын тартып, түзу жолға түсуі керек еді, бірақ тойымсыздық дегенді қойсаңшы бұл, тағы да көлденең табыс табуға кірісіп кетті. «Іздегенге сұраған» демекші, оған «қайдан оңай олжа табамын» деп жалаңдап жүргендер жол-жөнекей табыла кетті.

Бұл жолы Назира Нұржан серіктестерімен «Назира-голд» атты қаржы пирамидасын ашты. «Егер біздің қорға теңге салсаңыз, бес ай бойы салған қаржыңыздың 41 пайызын алып отырасыз. Бұл дегенің, егер қорға 10 миллион теңге салдыңыз дейік. Соның 4,1 миллионын ай сайын қайтып аласыз. Бес айда табысыңыз

20,5 миллион болады. Ал алтыншы айда алғашқы салған жарнаңыз — 10 миллионды қайтарып береміз», — деді ол жарнамасында. «Бұл неткен арқылы алтын сатамын деп те сендірді. Арамзаға сенген бір аңқау үйін сатып, 130 миллион теңгесін қаржы пирамидасына салып жіберген.

«Назира голд» қаржы пирамидасына алданған 104 адам экономикалық тергеп-тексеру департаментіне арызданды. Жәбірленушілерге келтірілген залал көлемі 810 миллион теңгеге жетіп, жығылды.

Міне, осы кезде Тілеужан Кішкенебаев деген

қорғаушы пайда бола кетті. Ол әлеуметтік желіде өзін күдікті Назира Нұржанның қорғаушысымын деп таныстырған. Бірақ ол экономикалық тергеп-тексеру департаментіне бой көрсетпейді. Тергеу кезінде келіп Назираға араша да түспеген. Республикалық адвокаттар алқасының айтуынша, Т. Кішкенебаевтың адвокаттық қызмет атқаруға лицензиясы жоқ. Сонда қалай? Мәселе былай. Ол зардап шеккендерді Назираның үстінен арыз жазбау жөнінде үгіттеп, қаржы пирамидасының әлі де ұшпаққа шығаратынын айтумен әлек. Демек, бір қу мен екінші қу намаздыгер-намазшамда жолыққан болып тұр ғой. Оның мәліметінше, Назира Нұржан серіктестерімен бірге мемлекетке 1,2 миллиард теңге салық төлеген көрінеді. Бірақ мемлекеттік кірістер департаменті бұл деректі растамайды. Сондай-ақ департамент Назираның жанында жүрген адамдардың алтын бұйымдар сататын кәсіпкерлер ретінде тіркелмегенін анықтаған.

Шымкент қаласы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Алмас Манатұлы Назира бастаған алаяқтық топтың салымшылардан жинаған жалпы сомасы 1,5 миллиард теңгеге жеткенін алға тартады. Оның салымшылардан жинаған қаржысы, сатып алған жылжымайтын мүліктері, көлігі, басқа да заттары тәркіленген.

Сот шешімімен қаржы пирамидасынан тәркіленген заттар сатылып, түскен қаржы жәбірленушілерге қайтарылған. Бірақ әлі қаншама адамның алданғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Ал экономикалық тергеп-тексеру департаменті зардап шеккендерді күтіп отыр.

С. ДӘНІҚҰЛҰЛЫ





Желге ұшқан

ТЕҢГЕЛЕР

2021 жылы Шымкент қаласының орталығында орналасқан ескі қалашықтың орнына «Шымқала» этноауыл кешені салынғанда бөрігін аспанға атпаған жан қалмады.

— Бұл кешен Шымкенттің туризм саласын жаңа белеске көтереді. Оған еш күмәндерін болмасын, — деп сол кездегі қала әкімі көпшілікке қарап кеуде керген болатын.

— Шымкенттің шырайы енді кірді!

— Туристер ағылатын болды!

— Көрсін, біздің қаламызды!

Ұлардай шулаған қала тұрғындары сәулеті келіскен этноауылды аралап мәз-мейрам болысты. Расында, «Шымқала» нұрлана түсті. Киіз үйлерде қолөнер шеберлері келушілерге гобелен тоқу, киіз басу, былғарыдан түрлі бұйым жасау бойынша шеберлік сағаттарын өткізе бастады. Этноауылда та й қазан, киіз үй үлгісіндегі концерттік зал, қолөнершілер ауылы бой көтеріп, келушілер назарына кәдімгідей ілініп-ақ қалып еді. Ашық аспан астындағы сахна, театр шатыры, «Шеберлер ауылы», тағы басқалары әуелгіде көз қызықтырды. Қала басшылығы осында тұсаукесер, қыз ұзату, беташар, құдалық, басқа да қазақтың салт-дәстүрлерін өткіземіз деп бір желпінді.

Туристер, қала қонақтары кешегі Қокан хандығы мен қанқұйлы Черняев атқы-

лаған көне кенттің тірілген қалпын көруге асықты. Шығыс базары үлгісіндегі сауда орталығынан кәдесыйлар алып, бір-біріне тартулап жатты.

Бірақ бұл қуаныш көпке ұзамады. Көңілдері су сепкендей басылған қала тұрғындары тозтозы шыққан этноауылды көріп, зәерлері ұшты. Жыл сайын 50 мыңға жуық турист келетін алып кешен бүгінде жетім қыздың күйін кешіп тұр. Баспалдақтар үгітілген, қабырғаларға жапсырылған плиталар түсіп қалған. Базбір жатаған үйлердің қамыстан жабылған шатыры ұшып кеткен. Ал, осындай күйі кеткен этноауылға қай туристің келгісі келеді?

адамдардың қолында кеткен. Қала басшылары желге ұшқан қаржылардың ізін табу үшін құзырлы органдарға деректер мен айғақтар ұсынған. Экономикалық тергеп-тексеру және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департамент қызметкерлері көзбояушылардың соңына шырақ алып түсіпті.

Бір таңғаларлығы, алып кешен ашылған күннен тура 3 ай өткенде «Шымқала» этноауылынан өрт шыққан. Ал бұл кезде мұнда құрылыс жұмыстары әлі жүргізіліп жатқан болатын. Өрт сөндірушілер қызыл жалын 80 шаршы метр жерді шарпығанын, 8 шаршы метр қораның шатыры (қамыспен жабылған) өртенгенін жазып кетеді. Бірақ өрттің шығу тарихы еш жерде көрсетілмеген.

Тергеп-тексеру және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменттері қызметкерлері былықтың бетін аша ма, кінәлілер жазалана ма, бұл жағы әзірше белгісіз. Белгілісі, қолда құжат болмаған соң Шымкент қалалық музейлер бірлестігі қайта қалпына келтіру жұмыстарын бастай алмай отыр. Ақырын күтейік.

С. ДӘНІҚҰЛҰЛЫ

Е, БӘСЕ!

— Әй, қалай тапсырдың емтиханды?
— Беске!
— Сен өйтіп бөспе.
Кеше ғана «дайындығым нашар» деп, Еңіреп жылап отыр едің.
Әкеңнен қылқылдап,
Бірдене сұрап отыр едің.
— Рас, еңірегем,
Әлі де көзімнің алды дымқыл емес пе?
Мені емтиханнан сүріндірмей өткізген,
Сол қыңқыл емес пе?
— Қыңқылмен адам баға ала ма?
— Сіз де түк түсінбейді екенсіз,
Қазір қалтамда доллар болмаса,
Емтиханға бару деген далбаса.
Мен де курстастарым сияқты
Дәптерімнің ішіне
Жүз доллар салып бардым.
Ағайым мұндайды күтпеген екен,
Көзі аларып талып қалды.
Есін жиған соң есінеп,
Журналына ұмтылды.
Өзім де болып кеттім бір түрлі.
Енді әкемнен көрімдік аламын,
Міне, құжат сенбесе...
—Е,бәсе!..

НЕГЕ ДЕСЕК?

Сылқымқұл бір мекемеде
Хатшы болып істейді.
Таңертеңнен кешке дейін
Телефоннан түспейді.
(Кейде тіпті түскі тамағын да ішпейді).
Қабылдауға келген адамды
Ащы тілімен тістейді.
Бастығы да астынан су шыққан біреу,
Қашан келсең де орнында жоқ болып шығады.
Сылқымқұлдың ашуы келсе,
Әр сөзі оқ болып шығады.
Әй, дегенмен көркіне,
Қанша қарағанмен адам тоймайды.
Ол неге мұнша тәкаппар десек,
Басекенмен шымшыласып ойнайды.

СӨЙТСЕК...

Сілекейі шұбырып,
Жүзі алаулап, құбылып,
Жұман журналға сұқтанады.
Көзі ашылып, жұмылып,
Немересі жылап тұр.
«Журналды бер» деп сұрап тұр.
Әрине, бөбектің қорсылдауы құба-құп,
Сонда да Жұманнан сұрадым.
— Қартайғанда шырықты неге бұздың?
...Сөйтсек, Жұманның көз алмай қарап тұрғаны
Суреті екен жаланащ қыздың.

БАТАГӨЙ

Алпыстан асқан Асқарға:
— Бата беріңіз, — деп едік.
Дінкесі құрып кетті.
Терең ойға беріліп,
Әрі отырды да, бері отырды да,
«Әумин!» деп бетін сипап тұрып кетті.
* * *
Бата бере білмесең,
Қария болып жүрме сен.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТНАШ



Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойнады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйпа-тұйпа,
Салдыр-салақ,
Бұй кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жисақы,
Тап-таза,

Тұп-тұзу.
Бұй кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Баналның қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрі емдеді.

ДОДА

26 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Өз ісін сүйетін адамның еңбегі көрініп тұрады. Ол айтулы датаға орай ұйымдастырған іс-шарасы мұнша танымал болады деп ойламады, білем. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде марафонға қатысып жүргендер бір рет болсын Almaty Marathon-да бақ сынағысы келеді-ақ. Өйткені бұл Орталық Азиядағы танымал жарыстың біріне айналды. Ал бұл спорт мейрамының артында бірнеше адамның еңбегі жатыр. Соның бірі – триатлоншы, спортты өмірлік серігіне айналдырған Салтанат Қазыбаева.

— Салтанат, сіз кез келген жобаға жаныңызды сала кірісесіз. Бұл спортты сүйген соң ба әлде дағды ма?

— Мен үшін ең бастысы — нәтиже. Көз алдымда жақсы дүние пайда болып жатса, ол маған қуаныш сыйлайды. Бір жобаға кірісsem, толықтай соған беріліп, күні-түні ойланамын. Қайтsem жақсы нәтиже шығарамын, қай тұсты жетілдіру кергін қаперден шығармаймын. Осылайша, әр жобаға барымды салатын болдым, әдетке айналып кетті. Кейде өзiм толықтай жобаның басы-қасында жұмыс істеймін. Кейде командама сеніп тапсырамын, енді бірде серіктестеріме арқа сүйеймін. Десе де, жұмыс барысын қадағалау, келісімшарт, тағысын тағы дүниені жіті қадағалауға тырысамын. Жақында 130 адамның басын қосып, түсірілім жасадық. Бұл ұзақ жылдан бері бірге жұмыс істеп келе жатқан «Этаж» креатив агенттігімен бірге жасаған туындымыз. Нағыз командалық рухтың, жігердің танылған тұсы. Осынша адамды бір түсірілім алаңына жинап, бағыт беріп, тұшымды дүние жасау кез келгеннің қолынан келмейді. Бел шеше кірісетіндер ғана нәтиже шығарғанша талмайды. Almaty Marathon үшін қалай жүгірсем, қалған жобам үшін де барынша, жең түре кірісемін. Кейіннен нәтижесін көргенде, маркайып, аркамды кеңге саламын. Сондықтан маған жаны бар, өзіндік позициясы, қоғамға берері бар жобалар ұнайды.

— Осы ретте сізге Almaty Marathon-ын ұйымдастыру не берді? Жалпы, бұл жобаға қалай келдіңіз?

— 2012 жылы фитнес-клубымыздың туған күнін ерекше атап



тыр, уақыт тапшы. Бірақ марафон дегенде «шығарда жаным бөлек». Бір қызығы, осы марафон, спорт мені жан-жарыммен жолықтырды. Талай дос таптым, ұмытылмас эмоция сыйлады.

Қазір марафонға қызығатындар көп. Еліміздің басқа қалаларында да түрлі марафон өтеді. Almaty Marathon — Орталық Азиядағы ең үлкен спорт іс-шарасы. Қуантарлығы, өткен жылғы дерекке сүйенсек, қатысушылардың 40%-ы — әйелдер. Ең егде қатысушы — алматы-

тықтарға орын қалмаған соң, бірден 42,2 шақырым қашықтыққа тіркелдім. Бір жағынан өзімді сынап көргім келді. Бірақ марафон бір рет көріп, «жүгіре саламын» дейтін жер емес. Үлкен дайындық керек. Физикалық дайындықтан бөлек, медицина жағынан толық тексеруден өткен жөн. Ал өзім іштей дайын екенімді сездім. Өйткені бала кезден спортпен дос болдым. Әкем інім екеумізді «тауға да, тасқа да сүйреді». Апта сайын кермеге тартылып, бассейнге, стадионға апаратын. Алғашында әкеммен бірге жүргенге, түрлі спорт түрін байқап көргенге мәз едік. Кейіннен спорт өміріміздің бір бөлігіне айналды. Бауырым да,

басқаша. Босфорды жүзіп өткенім тағы бар. Ironman-нан төрт дүркін әлем чемпионы атандым. Жігіттерді басып озған кезім болды.

— Алда қандай жарысқа қатысыңыз келеді?

— Алда Challenge Samarkand триатлон жарысына қатыссам деймін. Бұл — Орталық Азиядағы халықаралық деңгейдегі Challenge Family сериясына кіретін жалғыз жарыс. Тарихы терең, табиғаты әсем Самарқанда жүгіріп, жол бойы тамсансам, энергия жинасам деймін. Әрі мұндай бастамаға қолдау білдірмей, жай жатқан болмас. Өйткені Almaty Marathon секілді ауқымды іс-шараны ұйымдастырудың артында қаншама еңбек барын жақсы білемін.

— Өмірлік ұстанымыңыз қалай? Жазбаңыздан, болмысыңыздан әйелдердің қоғамдағы орнын, олардың жетістікке жетуін қалайтын жан ретінде танымын, солай ма?

— Иә, менің болмысым сондай, әділетсіздікке жаным қас. Барынша тең құқылы қоғамда өмір сүруді қалаймын. Тек Қазақстанда емес, шетелде де әйелді екінші орынға ысырып қою бар. Мен бұған қарсымын. Осындайда әйел әйелдің досына айналып, қолдау білдірсе деймін. Сол үшін Trigada атты әйелдерге арналған спорт қауымдастығын құрдым. Олардың өзіне сенімді болғанын, барынша дамығанын қалаймыз. Спортта да, мансап баспалдағында да нық сеніммен көтерілсе дейміз. Сол үшін мақсаты айқын қыздарды бір топқа біріктірдік. Trigada-дан бөлек, Community Almaty Run атты тобымыз бар. Топтасып жүгіреміз, энергия жинаймыз. Қазақстанның әр қаласында осындай топ бар. Егер сіз де өзіңізге сондай орта іздеп жүрген болсаңыз, қосылуыңызға болады. Ал өмірлік ұстанымыма келсек, «жатқан тастың астына су бармайтыны», «мүмкін емес нәрсе жоғы», «құласан, қайта тұрып үйрену» керегі, әрқашан шешім табуға болатыны есімнен шығармаймын.

— Қоғамда адам өз орнын табу үшін не істеуі керек?

— Адам бір орында тұрып қалмауы керек. Үнемі ізденіс үстінде жүрген жан жолын табады. Ал маған әрқашан жанымдағы жақындарым жол сілтейді. Ата-анам, басшыларым, серіктестерім, әріптестерім бар. Олармен үнемі байланыстамын. Бір білерім, кез келген істі шын ниетіңмен істеп, шынайы болсаң, өзінді жоғалтпайсың. Сонда жан-жағың мүмкіндікке толы екенін көресің. Егер барынды салып жұмыс істесең, алдындағы асуды оңай еңсересің.

Сұхбаттасқан
Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

Салтанат ҚАЗЫБАЕВА,
Almaty Marathon корпоративтік қорының директоры:

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ,
алтынбайтың
АСУ ЖОҚ



мен де уақытты босқа өткізбеуді үйрендік. Сол үшін әкеме айтар алғысым шексіз. Осы дисциплинаның арқасында Афинада ұзақ 42,2 шақырым марафонды бағындырдым.

— Триатлон, соның ішінде Ironman жарысының төрт дүркін әлем чемпионысыз. Аталған жарысқа қатысу туралы ой қайдан келді?

— Жоғарыда айтқанымдай, әкем біздің спортпен айналысқанымызды барынша қадағалады. Бірақ бір спорт түріне байлап қойған жоқ. Түрлі бағытты көрсетіп, спортқа қызығушылығымызды оятты. Келе-келе пауэрлифтингпен айналыстым. Артынша триатлонға келу қиын болған жоқ. Триатлонның өзі үш спорт түрінен тұрады. Жүзу, веложарыс және жүгіру. Осы, триатлонмен айналысып жүргеніме он жыл болды. Ironman жарысын триатлонды жаны сүйген адамның алға қойған мақсаты деп білемін. Әр жеңіс — қиын жаттығу мен өзінмен күрестің жемісі. Пандемия біткен соң, чемпионат қалпына келді. Мәселен, 2022 жылы бір жылдың ішінде үш чемпионат өтті. Бәріне қатысуға тырыстым. Жасыратыны жоқ, әуелде жүзу білмедім, веложарыс пен жүгіруде жылдамдық жетпей жататын. Қазір бәрі

өткіміз келді. Жәй іс-шара емес, қала тұрғындарына қуаныш сыйлайтын, есте қалатын дүние жасауды қаладық. Сөйтіп, марафон ұйымдастыру идеясы пайда болды. Бұл идея қонақтарға да, өзімізге де ұнап қалды. Ақырында, осы іс-шара керемет жобаның бастауына айналды. Содан бері марафонды тұрақты түрде ұйымдастырамыз. Оның үстіне, Almaty Marathon жанымынның бір бөлігі, балам сияқты. Жоба менімен бірге өсті, дамыды. Марафон менің қиялыма қанат бітіріп, команда жинауыма, спорттағы отбасымды табуға көмектесті. Иә, жыл санап жоба көбейіп жа-

лық Дуза Мавлютова, 87 жаста. Ол мұнымен тоқтамай, ары қарай да қатысатынын айтады. Осындай жігерлі қатысушылар жобаға дем беріп, гүлденуіне үлес қосады.

— Ал әуесқой спортшы болу жолыңызға үңілейікші. Марафонда жүгіруді қашан бастадыңыз?

— Сол, 2012 жылы Афина қаласына марафондар симпозиумына бардым. Сонда алғаш рет толық марафон жүгіріп өттім. Шынымды айтсам, марафонға қатысу өңім түгіл түсіме де кірмепті. Бірақ марафонның туған жеріне барып тұрып, жүгірмей кетсем болмас деп белді бекем будым. Қысқа қашық-



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rek@ama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4621
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,